

"Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 20 қарашадағы N 1094 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

ЗАҢЫ

"Мемлекеттік сатып алу туралы"

Осы Заң тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу саласында өздерінің қызметтерін жүзеге асыру процесінде тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу жүйесі субъектілерінің арасында туындайтын қатынастарды реттейді.

1-тарау. Жалпы ережелер

1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

1. Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) біртекті тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер - бірдей болмаса да, белгілі бір функцияларды орындауына және өзара алмастырушы болуына мүмкіндік беретін ұқсас сипаттамалары бар және ұқсас компоненттерден тұратын тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер;

2) демпингтік баға - тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасу мақсатында көрінеу төмен баға бойынша тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер ұсынылатын конкурс қатысушысының конкурстық ұсыным бағасы;

3) жұмыстар - үйлерді, ғимараттарды және өзге де объектілерді салуға, қайта құруға, бұзуға немесе жөндеуге, шикізат кен орындарын жайластыруға байланысты кез келген жұмыстар, оның ішінде құрылыс алаңын дайындау, топырақты алу, үй-жайлар тұрғызу, жабдықтарды, материалдарды және инженерлік желілерді құрастыру, әрлеу жұмыстары, сондай-ақ егер осындай қызметтердің құны құрылыстың немесе шикізат кен орынын жайластырудың өз құнынан аспаса, мемлекеттік сатып алу туралы шартқа сәйкес құрылысқа және шикізат кен орындарын жайластыруға көрсетілетін ілеспе қызметтер (бұрғылау, геодезиялық жұмыстар, спутниктік түсірімдер, сейсмикалық зерттеулер, геологиялық жұмыстар, құрылыс немесе өндіруші жабдықтарды жалға алу)

;

4) конкурстық комиссия - осы Заңда көзделген конкурс тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды жүргізу рәсімдерін орындау үшін сатып алуды ұйымдастырушы құратын алқалық орган;

5) конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз ету - конкурсқа қатысуға үміткер ықтимал өнім беруші осындай өтінімдерді берудің түпкі мерзімі аяқталғаннан кейін конкурсқа қатысуға өзінің өтінімін қайтып алмауы немесе өзгертпеуі, тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасуы, сондай-ақ тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарттың атқарылуын қамтамасыз етуді белгіленген жағдайларда енгізуі үшін кепілдік ретінде салатын ақша кепілі немесе банктің кепілдік міндеттемесі;

6) конкурстық құжаттама - конкурс тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды өткізу талаптары мен тәртібі қамтылатын, конкурсқа қатысуға өтінім дайындау үшін ықтимал өнім берушіге табыс етілетін құжаттама ;

7) көрсетілетін қызметтер - тапсырыс беруші, нәтижесінде ол материалдандырылған затты (нәрсені) емес, қажет етілетін нәтижеге қол жеткізетін оның мұқтажығын қанағаттандыруға бағытталған, ықтимал өнім берушінің кәсіпкерлік қызметі ;

8) қаулы - тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы бұза отырып өткізілген тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу қорытындыларын заңсыз деп тану, қайта қарау не күшін жою туралы, тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарттарды жасасуды не тіркеуді тоқтата тұру туралы шешімді рәсімдейтін мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының актісі;

9) мемлекеттік қаржылық бақылау органдары - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылайтын есеп комитеті, ішкі бақылау жөніндегі орталық уәкілетті орган, сондай-ақ мәслихаттардың тексеру комиссиялары;

10) мемлекеттік кәсіпорындардың, акцияларының (үлестерінің) елуден көбірек проценті мемлекетке тиесілі заңды тұлғалардың аффилиирленген тұлғалары - еншілес мемлекеттік кәсіпорындар, акцияларының (үлестерінің) елуден көбірек проценті мемлекетке тиесілі заңды тұлғаларға акцияларының (үлестерінің) елуден көбірек проценті тікелей не жанама түрде тиесілі заңды тұлғалар;

11) Мемлекеттік сатып алу бюллетені - өткізілуге дайындалып жатқан және өткізілген тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы мәліметтер жарияланатын мерзімді баспасөз басылымы (бұдан әрі - Бюллетень) . Бюллетеньді шығару құқығы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен беріледі;

12) тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу жүйесінің субъектілері - тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді

мемлекеттік сатып алу саласындағы қызметті жүзеге асыратын заңды және жеке тұлғалар ;

13) өнім беруші - тапсырыс берушімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы жасасқан шартта келісім-шарт жасасушы агент ретінде әрекет ететін кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға, заңды тұлға (мемлекеттік мекемелерді қоспағанда, егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе), заңды тұлғалардың уақытша бірлестігі (консорциум);

14) сараптама комиссиясы, сарапшы - сатып алуды ұйымдастырушы құратын тиісінше алқалық орган, не сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің техникалық тапсырмасын және (немесе) техникалық ерекшелігін әзірлеуге қатысу, сондай-ақ ықтимал өнім берушілер ұсыныстарының сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің техникалық ерекшелігіне сәйкес келуіне қатысты сараптамалық қорытындылар дайындау үшін сатып алуды ұйымдастырушы анықтайтын жеке тұлға;

15) сатып алуды ұйымдастырушы - тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және жүргізу рәсімдерін орындау үшін тапсырыс беруші осы Заңға сәйкес анықтаған тапсырыс беруші не заңды тұлға;

16) тапсырыс берушілер - Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тізбе бойынша ауылдық елді мекендерде орналасқан әлеуметтік саланың мемлекеттік мекемелері мен мемлекеттік кәсіпорындарын қоспағанда, осы Заңға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жүзеге асыратын мемлекеттік органдар, мемлекеттік мекемелер, сондай-ақ мемлекеттік кәсіпорындар, акцияларының (үлестерінің) елуден көбірек проценті мемлекетке тиесілі заңды тұлғалар және олармен аффилирленген заңды тұлғалар ;

17) тапсырыс берушілер тізілімі - тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу саласында реттеу және бақылау мақсаттары үшін уәкілетті орган қалыптастыратын тапсырыс берушілердің тізбесі;

18) тауарлар - қатты, сұйық немесе газ тәріздес күйдегі заттар (нәрселер), оның ішінде шикізат және жартылай фабрикаттар, бұйымдар, жабдық, сондай-ақ тауарларды жеткізуге ілеспе қызметтерді қоса алғанда, егер осындай ілеспе қызметтердің құны Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес операциялар мен мәмілелер жасасуға мүмкін тауарлардың өздерінің құнынан аспаса, электр энергиясы;

19) тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу - жеке тұлғалардан жеке еңбек шарттары бойынша сатып алынатын көрсетілетін қызметтерді қоспағанда, тапсырыс берушілердің жұмыс істеуді қамтамасыз ету, сондай-ақ мемлекеттік функцияларды не тапсырыс берушінің жарғылық қызметін орындауы үшін қажетті тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді осы Заңда,

сондай-ақ Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында көзделген тәртіппен жүзеге асырылатын сатып алуы;

20) тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу саласындағы қызмет - осы Заңға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес жүзеге асырылатын, тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің номенклатурасын жоспарлау, тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарын әзірлеу және бекіту, тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру мен жүргізу, тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарттарды атқару, тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу саласында мамандарды даярлау және (немесе) біліктілігін арттыру жөнінде қызметтер, тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу субъектілеріне консультациялық, ақпараттық қызметтер көрсету;

21) тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарт - осы Заңға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес, жұмыс істеуді, сондай-ақ мемлекеттік функцияларды не тапсырыс берушінің жарғылық қызметін орындауды қамтамасыз ету үшін тауарды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету туралы тапсырыс беруші мен өнім беруші арасында жасалған азаматтық-құқықтық шарт;

22) тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарттың атқарылуын қамтамасыз ету - осы Заңда көзделген жағдайларда ықтимал өнім беруші не өнім беруші енгізетін ақша кепілі, ақшаны ұстап қалу не банктің кепілдік міндеттемесі;

23) тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру мен жүргізу рәсімі - осы Заңда белгіленген талаптарды сақтай отырып, сатып алуды ұйымдастырушы, тиісті комиссия, ықтимал өнім беруші жүзеге асыратын тауарларды, жұмыстарды, көрсететін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруға және өткізуге байланысты дәйекті іс-шаралардың өзара байланысты кешені;

24) тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарттардың тізілімі - тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу саласында реттеу және бақылау мақсаттары үшін уәкілетті орган қалыптастыратын тиісті қаржы жылы жасалған және күшіне енген тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарттардың тізілімі;

25) теріс пиғылды ықтимал өнім берушілердің (жеткізушілердің) тізілімі - конкурстың белгілі бір жеңімпазы бола тұра тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасудан бас тартқан біліктілік

талаптар бойынша анық емес ақпарат берген ықтимал өнім берушілердің, сондай-ақ заң күшіне енген сот шешімі негізінде уәкілетті орган қалыптастыратын тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы олармен жасасқан шарттар бойынша міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесі;

26) тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізілімі тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу саласында реттеу және бақылау мақсаттары үшін уәкілетті орган қалыптастыратын, осы Заңға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес тапсырыс берушілер сатып алатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесі;

27) тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу жүйесі - тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу жүйесі субъектілерінің тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу саласындағы қызметтерді жүзеге асыру процесінде біртұтастықпен және өзара байланыстылықпен айқындалатын жиынтығы мен олардың қарым-қатынасы;

28) уәкілетті орган - тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу жүйесін реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган және оның аумақтық бөлімшелері;

29) ұйғарым - тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманың анықталған бұзушылықтарын жою және осы бұзушылыққа жол берген адамдарға Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауапкершілік шараларын қолдану туралы талап ресімделетін мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының актісі;

30) шартты баға - конкурстық құжаттамада көзделген өлшемдерді ескере отырып есептелген және конкурстың жеңімпазын анықтау мақсатында конкурсқа қатысушылардың конкурстық бағалық ұсыныстарын бағалау және салыстыру кезінде жаңа пайдаланылатын конкурсқа қатысушының конкурстық ұсыныстарының бағасы;

31) ықтимал өнім беруші - тауарларды жеткізуді, жұмыстарды орындауды, қызметтер көрсетуді жүзеге асыруға қабілетті кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға, заңды тұлға (мемлекеттік мекемелерді қоспағанда, егер олар үшін Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе), заңды тұлғалардың уақытша бірлестігі (консорциум);

32) ықтимал өнім берушінің аффилиирленген тұлғасы - осы ықтимал өнім беруші қабылдайтын шешімді анықтауға және (немесе) шешімге, оның ішінде шарттың немесе өзге де мәміленің күшіне қарай ықпал етуге құқығы бар кез келген жеке немесе заңды тұлға, сондай-ақ өзі жөнінде сол ықтимал өнім берушінің осындай құқығы бар кез келген жеке немесе заңды тұлға.

2. Осы Заңның 3), 7) және 18) тармақшаларында көрсетілген ұғымдарды Қазақстан Республикасының бәсекелестік және монополистік қызметті шектеу туралы

заңнамасында көзделген ұқсас ұғымдарға қайшы келмейтін бөлігінде табиғи монополия субъектілері пайдаланады.

2-бап. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы заңнама

1. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы Қазақстан Республикасының заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді, осы Заңнан, сондай-ақ Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасынан тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта осы Заңда көзделгеннен өзгеше ережелер белгіленсе, халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

3-бап. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды құқықтық реттеу принциптері

Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды құқықтық реттеу:

- 1) сатып алу үшін пайдаланылатын ақшаны оңтайлы және тиімді жұмсау;
- 2) осы Заңда көзделген жағдайларды қоспағанда, ықтимал өнім берушілерге тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды өткізу рәсіміне қатысу үшін тең мүмкіндік беру;
- 3) ықтимал өнім берушілер арасындағы адал бәсекелестік;
- 4) тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу процесінің жариялылығы мен ашықтығы принциптеріне негізделеді.

4-бап. Өнім берушіні таңдауды және онымен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасуды регламенттейтін осы Заңның нормаларын қолданбай жүзеге асырылатын тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу

1. Мынадай тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу:

1) егер тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарында көзделген жалпы жылдық сома айлық есептік көрсеткіштің екі мың есе мөлшерінен аспаса, тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тіркелген бағалар, тарифтер, алымдар және төлемдер бойынша тауарларды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жедел-ізвестіру қызметін жүзеге асыру, сондай-ақ органдардың, олардың уәкілеттік берілген органдарының тергеу қызметтерін жүзеге асыру үшін тауарларды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу:

жедел-іздігі қызметін жүзеге асыратын органдарға құпия түрде жәрдем көрсетуге келісім берген адамдар көрсететін қызметтері;

қызметтік үй-жайларды, көліктік және өзге де техникалық құралдарды, мүліктерді с а т ы п а л у ;

жасырын кәсіпорындар мен ұйымдар құру; қажетті ғылыми-техникалық немесе өзге де арнайы білімі бар лауазымды адамдар мен мамандар көрсететін қызметтер;

4) Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тізбе бойынша Қазақстан Республикасының аумағында өндірілмейтін және шет елден сатып алынатын стратегиялық маңызы бар өнеркәсіптер үшін шикізат ресурсы болып табылатын тауарларды с а т ы п а л у ;

5) іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулерді жүргізу жөніндегі қызметтерді с а т ы п а л у ;

6) мемлекеттік кәсіпорындардың, акцияларының (үлестерінің) елуден көбірек проценті мемлекетке тиесілі заңды тұлғалардың және олармен аффилиирленген заңды тұлғалардың тауарларды Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тізбесі бойынша кейіннен қайта өңдеу және (немесе) іске асыру мақсатында оларды сатып а л у ы ;

7) өкілдік шығыстармен байланысты тауарларды, көрсетілетін қызметтерді сатып а л у ;

8) көрмелер, семинарлар, конференциялар, кеңестер өткізу және оған қатысу үшін тауарларды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу, сондай-ақ көрмелердің, семинарлардың, конференциялардың, кеңестердің материалдарын сатып алу;

9) қағаз және (немесе) электрондық түріндегі мерзімді басылымдарды, сондай-ақ ақпаратты шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарында орналастыру жөніндегі көрсетілетін қызметтерді с а т ы п а л у ;

10) шет елде қызметкерлерді ұйымдастыру және (немесе) дайындау, қайта алу;

11) рейтингтік агенттіктер көрсететін қызметтерді, қаржылық қызметтерді сатып а л у ;

12) мамандандырылған кітапханалардың қызметтерін сатып алу;

13) лизингтік қызметті жүзеге асыру кезінде тауарларды кейіннен лизингке бере о т ы р ы п с а т ы п а л у ;

14) заңды тұлғалардың жарғылық капиталындағы бағалы қағаздарды, үлестерді с а т ы п а л у ;

15) жарналардың, оның ішінде жаңадан құрылатын заңды тұлғалардың жарғылық капиталындағы кез келген түрлері;

16) Қазақстан Республикасының сайлау туралы заңнамасында көзделген көрсетілетін қызметтерді с а т ы п а л у ;

17) мемлекеттік наградаларды, Қазақстан Республикасы Парламенті депутатының омырау белгісін, мемлекеттік сенім таңбаларын, Қазақстан Республикасы азаматтарының паспорттары (оның ішінде қызметтік және дипломатиялық) мен жеке куәліктерін, шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхатын, азаматтығы жоқ адамның куәлігін дайындау жөніндегі қызметтерді сатып алу;

18) Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тізбе бойынша Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес жүзеге асырылатын тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу;

19) Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының банкноттары мен монеталарының дизайны, оларды жасау, сақтау, жеткізу жөніндегі көрсетілетін қызметтерді, сондай-ақ олардың дизайны мен оларды жасау үшін қажетті тауарларды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу;

20) мемлекеттер, мемлекеттердің үкіметтері, халықаралық және мемлекеттік ұйымдар, қызметтері қайырымдылық және халықаралық сипаттағы шетелдік үкіметтік емес қоғамдық ұйымдар мен қорлар Қазақстан Республикасының Үкіметіне, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне өтеусіз негізде ұсынатын грант ақшаларын, сондай-ақ оларды беру туралы келісімдерде тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алудың өзге рәсімдерді көзделген жағдайларда осы гранттарды бірлесіп қаржыландыруға бөлінген ақшаны пайдалануға байланысты тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу;

21) мемлекеттік білім беру тапсырысына байланысты қызмет көрсетулерді сатып алу ;

22) медициналық көмектің кепілді көлемін көрсетуге байланысты тауарларды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу;

23) Қазақстан Республикасының азаматтарын шет елде емдеуді ұйымдастыру және (немесе) емдеу жөніндегі көрсетілетін қызметтерді сатып алу;

24) іссапар шығыстарын жүзеге асыруға байланысты тауарларды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу ;

25) мәдени құндылықтарға жататын тауарларды, оның ішінде мұражай заттары мен мұражай жинақтамасын, сондай-ақ сирек және құнды басылымдарды, қолжазбаларды, тарихи және мәдени ескерткіштер сияқты мемлекет қорғауына алған және мемлекеттік мұражай, кітапхана, мұрағат қорларын, кино-, сурет қорын және өзге ұқсас қорларды толықтыруға арналған тарихи, көркемдік немесе өзге де мәдени маңызы бар көшірмелерді қоса алғанда, мұрағат құжаттарын сатып алу;

26) сатып алынатын тауарларға, көрсетілетін қызметтерге қатысты айырықша құқықтары бар тұлғадан тауарлар, көрсетілетін қызметтер сатып алу;

27) табиғи монополия субъектілерінен реттелетін қызметтерді сатып алу;

28) мемлекеттік монополия субъектілерінен олардың қызметінің негізгі мәні бойынша тауарлар, көрсетілетін қызметтер сатып алу;

29) сатып алынатын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер белгілі бір нарықта үлесі жүз процентке тең, осы нарықта үстем (монополиялық) жағдайға ие нарық субъектісінің тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу;

30) төтенше жағдайлардың салдарларын оқшауландыру және (немесе) жою үшін, электр энергетикасы объектілеріндегі, тіршілікті қамтамасыз етудің коммуникациялық жүйелеріндегі, темір жол, әуе, автомобиль, теңіз көлігі объектілеріндегі, тазарту құрылыстарындағы, мұнай құбырларындағы, газ құбырларындағы аварияларды жою үшін, сондай-ақ тез арада қалпына келтіруді талап ететін жүру жолында коммуникациялардың, тетіктердің, агрегаттардың, қосалқы бөлшектердің және материалдардың сынуы, істен шығуы туындаған кезде тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу;

31) Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тізбе бойынша сатып алынуы стратегиялық маңызы бар тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді стратегиялық маңызы бар сатып алуға жатқызу тәртібін өңірлік және салалық ерекшеліктерге сүйене отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды;

32) тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу бойынша өнім берушілер болып белгіленген мемлекеттік кәсіпорындар, акцияларының (үлестерінің) елуден көбірек проценті мемлекетке тиесілі заңды тұлғалар немесе олармен аффилиирленген заңды тұлғалар жүзеге асыратын, осы мемлекеттік сатып алудың қорытындылары бойынша белгіленген, өздерінің шарттық міндеттемелерін орындау үшін қажетті тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуы;

33) кәсіпкерлік қызмет субъектілері болып табылмайтын жеке тұлғалардан көрсетілетін қызметтерді, сондай-ақ оларға жеке меншік құқығында тиесілі мүлікті Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен сатып алу;

34) Қазақстан Республикасы шетелдік мекемелерінің, сондай-ақ тапсырыс берушілердің оқшау бөлімшесі шет мемлекеттің аумағында өз қызметін қамтамасыз ету үшін тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу;

35) халықаралық ақпараттық ұйымдардың көрсететін қызметтерін сатып алу;

36) мемлекеттік органның мемлекеттік кәсіпорынға қатысты, қызметінің негізгі мәні бойынша басқару органының функцияларын жүзеге асыратын осындай мемлекеттік кәсіпорыннан жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуы;

37) монетарлық қызметті, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыру үшін қажетті тауарларды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу;

38) Мемлекет басшысын және өзге де қорғалатын тұлғаларды, сондай-ақ қорғалатын тұлғаларға арналған объектілерді қорғау және қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қажетті тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу;

39) халықаралық және шетелдік төрелік сот және сот органдарында мемлекеттің

мүдделерін қорғау мен білдіру жөніндегі консультациялық және заң қызметтерін сатып алу өнім берушіні таңдауды және онымен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасуды регламенттейтін осы Заңның нормаларын қолданбай жүзеге асырылады.

2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу осы Заңның 3-бабында көзделген тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды құқықтық реттеу принциптерін сақтай отырып жүзеге асырылуы тиіс.

5-бап. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу процесі

Мемлекеттік сатып алу процесі:

1) тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің номенклатурасын жоспарлауды;

2) тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарын әзірлеуді және бекітуді;

3) өнім берушіні таңдауды және онымен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасуды;

4) тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарттардың орындалуын өзіне қамтиды.

6-бап. Тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің номенклатурасын жоспарлау

1. Тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің жоспарланатын номенклатурасын тапсырыс беруші жыл сайын әзірлейді және бекітеді.

2. Тиісті қаржы жылына арналған тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің жоспарланатын номенклатурасы мына мәліметтерді:

1) Қазақстан Республикасының тиісті стандарты болған кезде осындай стандартқа сілтеме жасай отырып, тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің атауын;

2) сандық және құндық көрсеткіштерін қамтуы тиіс.

7-бап. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарын әзірлеу және бекіту

1. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарын осы Заңның 6-бабына сәйкес қалыптасқан тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің жоспарланатын номенклатурасы негізінде тапсырыс беруші әзірлейді және бекітеді.

2. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспары мынадай мәліметтерді:

1) тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру үшін бөлінген соманы қоса алғанда, тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің жоспарланатын номенклатурасын;

2) осы Заңның 4-бабының 1-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру тәсілі мен мерзімін;

3) тауарларды жеткізудің, жұмыстарды орындаудың, қызметтер көрсетудің жоспарланған мерзімі мен орнын қамтуы тиіс.

3. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарын тапсырыс беруші тиісті бюджет (бизнес-жоспар, кірістер және шығыстар сметалары) бекітілген күнінен бастап он жұмыс күні ішінде бекітіледі.

Тапсырыс беруші тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарын бекіткен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде оны уәкілетті органға береді.

4. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарын әзірлеу және бекіту, сондай-ақ оны уәкілетті органға беру уәкілетті орган анықтаған тәртіппен және нысанда жүзеге асырылады.

5. Тапсырыс беруші бекітетін тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарына өзгерістер енгізуге тапсырыс берушінің құқығы бар және тапсырыс беруші тиісті шешім қабылдаған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде уәкілетті органға береді.

8-бап. Өнім берушіні таңдау және онымен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасу

1. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шешімді тапсырыс беруші тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің жылдық жоспары бекітілгеннен кейін қабылдайды.

2. Тапсырыс берушінің қызметін үздіксіз қамтамасыз ету мақсатында соңғысы Қазақстан Республикасының Үкіметі келесі жылдың бірінші тоқсанына белгілейтін тізбе бойынша күнделікті және апталық қажеттілікті, ағымдағы жылдың бірінші тоқсанында тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу көлемінен осы шарт бойынша аспайтын көлемде тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарттың қолданылуын ұзартуға құқылы.

3. Өнім берушіні онымен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасу үшін таңдауды осы Заңның 14-бабында көзделген тәсілдермен сатып алуды ұйымдастырушы жүзеге асырады.

4. Сатып алуды ұйымдастырушы ретінде тапсырыс беруші не осы Заңға сәйкес тапсырыс беруші белгілеген заңды тұлға әрекет етеді.

Тапсырыс берушінің сатып алуды ұйымдастырушы не бірыңғай сатып алуды ұйымдастырушы ретінде өзге заңды тұлғаны анықтау жағдайын, сондай-ақ тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

Қазақстан Республикасының Үкіметі конкурс тәсілімен біртекті тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді бірыңғай мемлекеттік сатып алу жүргізу мақсатында бірнеше тапсырыс беруші үшін бірыңғай ұйымдастырушыны белгілеуге қ ұ қ ы л ы .

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі оларға қатысты өзі құрылтайшысы (уәкілетті орган) не акционері болып табылатын заңды тұлғалар үшін сатып алуды ұйымдастырушы ретінде әрекет етуге құқылы.

Бюджеттік бағдарламалар әкімшісі оларға қатысты ол мемлекеттік басқару органы болып әрекет ететін оған ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер және заңды тұлғалар үшін сатып алуды ұйымдастырушы ретінде әрекет етуге құқылы.

5. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шартты тапсырыс беруші жасайды.

9-бап. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарттарды орындау

1. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарттарды орындауды тапсырыс берушілер мен өнім берушілер тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы жасасқан шарттар бойынша олар қабылдаған міндеттемелерге сәйкес жүзеге асырады.

2. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарт тапсырыс беруші мен өнім беруші көрсетілген шарт бойынша қабылдаған міндеттемелерді толық орындаған жағдайда атқарылған болып саналады.

3. Тапсырыс берушінің не өнім берушінің тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша міндеттемелерді орындамауы не тиісінше орындамауы (уақтылы орындамауы, тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің жетіспеушілігі, міндеттемелердің мазмұнында белгіленген басқа да талаптарды бұза отырып) Қазақстан Республикасының заңдарында, сондай-ақ жасалған шартта көзделген жауапкершілікке соқтырады.

10-бап. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу процесіне байланысты шектеулер

1. Осы Заңның 4-бабының 1-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу процесіне байланысты мынадай шектеулер белгіленеді:

1) тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды өткізу процесіне қатысатын ықтимал өнім берушінің лауазымды немесе сенім білдірген адамының жақын туыстарының (ата-анасы, балалары, бала асырап алушылары, асырауға алған балалары, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек ағалы-інілері мен апалы-сіңлілері, атасы, әжесі, немерелері) немесе жекжаттарының (ерлі-зайыптылардың аға-інісі, апа-сіңлісі, ата-анасы және балалары) соңғыларының тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды өткізу

процесіне қатысатын тапсырыс берушінің не сатып алуды ұйымдастырушының мүдделерін білдіруге құқығы жоқ;

2) тапсырыс берушіге не сатып алуды ұйымдастырушыға тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды дайындау жөнінде консультациялық қызметтер, сондай-ақ техникалық-экономикалық негіздемелер және (немесе) жобалау-сметалық құжаттамалар әзірлеу жөнінде қызметтер көрсеткен ықтимал өнім берушінің және (немесе) оның қызметкері көрсетілген қызметтерге байланысты тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуға қатысуға құқығы жоқ;

3) ықтимал өнім беруші мен оның аффилиирленген тұлғасының бір конкурсқа (лотқа) қатысуға құқығы жоқ. Ықтимал өнім берушілердің аффилиирленгендігін анықтау тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді;

4) сатып алуды ұйымдастырушы тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды тапсырыс берушінің мүддесіне орай жүзеге асыратын болса, тапсырыс беруші ықтимал өнім беруші ретінде мұндай сатып алуға қатысуға құқығы жоқ;

5) атқарушы органның басшылары, сондай-ақ басқару функцияларын жүзеге асыратын ықтимал өнім берушінің басқару органының басшылары мен мүшелері, сондай-ақ ықтимал өнім берушінің қатысушылары, акцияларының бақылау пакеті бар ықтимал өнім берушінің акционерлері теріс пиғылды ықтимал өнім берушілер (жеткізушілер) тізіліміне енгізілген заңды тұлғаларды басқаруға, құруға, олардың жарғылық капиталына қатысуға байланысты қандайда бір қатынастары болмауы тиіс;

6) осы Заңға сәйкес қалыптастырылатын теріс пиғылды ықтимал өнім берушілер (жеткізушілер) тізілімінде тұрған ықтимал өнім беруші мемлекеттік сатып алуға қатысуға құқығы жоқ;

7) ықтимал өнім берушінің немесе ол тартқан қосалқы мердігердің (бірлесіп орындаушының) мүлкіне тыйым салынбауы тиіс, ықтимал өнім берушінің немесе ол тартқан қосалқы мердігердің (бірлесіп орындаушының) қаржы-шаруашылық қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасына не Қазақстан Республикасының резиденті емес ықтимал өнім беруші мемлекетінің заңнамасына сәйкес тоқтатыла тұрмауы тиіс.

2. Тапсырыс беруші, сатып алуды ұйымдастырушы, конкурстық комиссия осы баптың 1-тармағында белгіленген шектеуді бұзу фактісін анықтаған жағдайда, ықтимал өнім беруші одан әрі тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуға қатысуға жіберілмейді. Осы баптың 1-тармағында көзделген шектеулерді бұзу фактісін анықтау тиісті хаттамамен ресімделеді.

3. Осы баптың 1-тармағындағы бұзушылыққа жол берген ықтимал өнім беруші, жеткізуші осы Заңда белгіленген тәртіппен теріс пиғылды ықтимал өнім берушілер (жеткізушілер) тізіліміне енгізілуі тиіс.

11-бап. Ықтимал өнім берушіге қойылатын біліктілік талаптары

1. Осы Заңның 4-бабының 1-тармағында және 4-тарауда көзделген жағдайларды қоспағанда, тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуға қатысуға үміткер ықтимал өнім беруші жалпы және арнайы біліктілік талаптарына сәйкес келуі тиіс.

2. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуға үміткер ықтимал өнім беруші мынадай біліктілік талаптарға сәйкес келуі:

1) құқық қабілеттілігі (заңды тұлғалар үшін), іс-әрекет қабілеті (жеке тұлғалар үшін)
б о л у ы ;

2) төлем қабілеті болуы, салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша мерзімі өткен берешегінің болмауы;

3) банкроттық не таратылу рәсімдеріне жатпауы тиіс.

3. Жұмыстарды мемлекеттік сатып алуға қатысуға үміткер ықтимал өнім беруші осы баптың 2-тармағында көзделген жалпы біліктілік талаптарынан басқа, жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін қажетті материалдық және еңбек ресурстарының болуы туралы арнайы біліктілік талабына сәйкес келуі тиіс.

4. Көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуға қатысуға үміткер ықтимал өнім беруші осы баптың 2-тармағында көзделген жалпы біліктілік талаптарынан басқа, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін кәсіби біліктілігі бар мамандардың болуы туралы арнайы біліктілік талабына сәйкес келуі тиіс.

Материалдық және техникалық ресурстарды пайдалану талап етілетін қызметтерді көрсеткен кезде мемлекеттік сатып алуға қатысуға үміткер ықтимал өнім беруші осы баптың 2 және 4-тармақтарында көзделген біліктілік талаптарынан басқа, осы баптың 3-тармағында белгіленген арнайы біліктілік талабына сәйкес келуі тиіс.

5. Төлем қабілеті туралы талап кепілдік міндеттеме түрінде тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алудың жарияланған сомасының жүз процентіне тең мөлшерде Қазақстан Республикасының бір не бірнеше резидент банктерінен шарттың орындалуын қамтамасыз етуді ұсынған ықтимал өнім б е р у ш і г е :

1) конкурсқа қатысуға өтініммен бірге конкурс тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырған кезде. Бұл ретте тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді ықтимал беруші тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша міндеттемелерді толық орындау үшін конкурстық құжаттамада белгіленген мерзімге б е р е д і ;

2) ықтимал өнім берушінің тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша міндеттемелерді толық орындау үшін

жеткілікті мерзімге бір көзден тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу тәсілімен жүзеге асырған кезде оның біліктілік талаптарына сәйкестігін анықтау сатысында қолданылмайды.

6. Ықтимал өнім беруші осы бапта көзделген біліктілік талаптарына оның сәйкес келуін растауға сатып алуды ұйымдастырушыға тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін тиісті құжаттарды ұсынады.

7. Қазақстан Республикасының резидент емес-ықтимал өнім берушісі мемлекеттік сатып алу процесіне қатысу үшін осы бапта көзделген біліктілік талаптарға оның сәйкес келуін растауға Қазақстан Республикасының резиденттері ұсынатын құжаттарды не оларға ұқсас құжаттарды ұсынады.

8. Халықаралық рейтингтік ұйымдардың рейтингтік бағалауы бар не қор немесе тауар биржасының ресми листингіне қосылған не халықаралық аудитор ұйымының оң аудиторлық қорытындысы бар тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуға қатысуға үміткер ықтимал өнім берушілер үшін, лицензиялауға жататын қызмет түрлеріне арналған лицензияның болуы туралы талапты қоспағанда, олардың осы бапта көзделген біліктілік талаптарына сәйкес келуін растау мақсатында көрсетілген ұйымдардың тиісті құжаттарын ұсыну жеткілікті болады. Осындай ұйымдардың тізілімін, сондай-ақ олар беретін құжаттардың нысаны мен мазмұнын Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

9. Осы баптың 2, 3, 4-тармақтарында белгіленген біліктілік талаптары ықтимал өнім беруші жұмыстарды орындау бойынша қосалқы мердігер не өткізілетін мемлекеттік сатып алудың мәні болып табылатын қызметтерді көрсету жөнінде бірлесе орындаушы ретінде тартуды көздейтін жеке және заңды тұлғаларға да қолданылады.

Ықтимал өнім беруші қосалқы мердігерлерді (бірлесіп орындаушыларды) тартқан жағдайда, ықтимал өнім беруші сатып алуды ұйымдастырушыға олардың осы бапта белгіленген біліктілік талаптарына сәйкес келетінін растайтын құжаттарды осы баптың 6-тармағында көзделген тәртіппен табыс етеді.

10. Осы бапта көзделмеген біліктілік талаптарын белгілеуге жол берілмейді.

12-бап. Ықтимал өнім берушіні біліктілік талаптарына сәйкес келмейді деп тану негіздемелері

1. Ықтимал өнім берушіні біліктілік талаптарына сәйкес келмейді деп тану негіздемелері мыналар:

1) ықтимал өнім беруші ықтимал өнім берушінің және ол тартқан қосалқы мердігердің (бірлесіп орындаушының) біліктілік талаптарына сәйкестігін растау үшін құжатты (құжаттарды) бермеуі не тиісінше ресімделген құжаттарды бермеуі;

2) ықтимал өнім беруші өзінің біліктілік талаптарына сәйкестігін, сондай-ақ ол тартқан қосалқы мердігердің (бірлесіп орындаушының) сәйкестігін растау үшін берген құжаттарда қамтылған ақпараттың негізінде біліктілік талаптарына сәйкес келмеу фактісін анықталуы;

3) біліктілік талаптары бойынша жалған ақпарат беруі болып табылады.

2. Ықтимал өнім берушіні осы баптың 1-тармағында көрсетілмеген негіздемелер бойынша біліктілік талаптарына сәйкес келмейді деп тануға жол берілмейді. Осы жолсыздықтарға жол берген тұлғалар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауап береді.

13-бап. Ықтимал өнім берушінің біліктілік талаптары бойынша жалған ақпарат беру салдарлары

1. Ықтимал өнім беруші беретін біліктілік талаптары бойынша ақпараттың растығын тапсырыс беруші не сатып алуды ұйымдастырушы тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырудың кез келген кезеңінде белгілей алады.

2. Тапсырыс беруші не сатып алуды бірыңғай ұйымдастырушы ықтимал өнім беруші біліктілік талаптары бойынша жалған ақпарат берген фактіні белгілеген күннен бастап осы фактілерді растайтын құжаттардың көшірмесін қоса бере отырып, ықтимал өнім беруші біліктілік талаптары бойынша жалған ақпарат берген барлық белгіленген фактілер туралы уәкілетті органға хабарлауға міндетті. Осындай белгіленген фактілердің растығына ықтимал өнім берушінің жалған ақпарат бергені туралы шешім қабылдаған тұлғалар жауап береді.

3. Біліктілік талаптары бойынша жалған ақпарат берген ықтимал өнім берушілер теріс пиғылды ықтимал өнім берушілер (жеткізушілер) тізіліміне енгізіледі.

14-бап. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру тәсілдері

1. Осы Заңның 4-бабының 1-тармағында көзделген жағдайларды, сатып алу мынадай тәсілдердің бірімен:

1) конкурс ашық не жабық (екі кезеңді рәсімдерді пайдалана отырып);

2) баға ұсыныстарын сұрату;

3) бір көзден сатып алу;

4) тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді электрондық мемлекеттік сатып алу жүйесі арқылы;

5) ашық тауар биржалары арқылы жүзеге асырылады.

2. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру тәсілін тапсырыс беруші уәкілетті органмен келіспей осы Заңға сәйкес таңдайды.

3. Тапсырыс беруші осындай мемлекеттік сатып алуды тікелей тапсырыс берушінің филиалымен (өкілдігімен) тапсырыс берушінің атынан жүзеге асырған жағдайда, өзінің филиалының (өкілдігінің) қызметін қамтамасыз ету үшін қажетті біртекті тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің жылдық көлеміне сүйене отырып, тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру тәсілін анықтауға құқылы.

15-бап. Тапсырыс берушілердің тізілімі

1. Тапсырыс берушілер тізілімін жүргізуді уәкілетті орган жүзеге асырады.
2. Тапсырыс берушілер тізілімінде қамтылған мәліметтер мүдделі тұлғаларға төлем төлеместен танысу үшін қол жетімді болуы тиіс.
3. Тапсырыс берушілер тізілімін ұстау, сондай-ақ оны жүргізу тәртібін уәкілетті орган белгілейді.

16-бап. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарттар тізілімі

1. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарттар тізілімін жүргізуді уәкілетті орган жүзеге асырады.
2. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарттар тізілімінде қамтылған мәліметтер мүдделі тұлғаларға төлем төлеместен танысу үшін қол жетімді болуы тиіс.
3. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарттар тізілімінің мазмұнын, сондай-ақ оны жүргізу тәртібін уәкілетті орган белгілейді.
4. Мемлекеттік құпияларды және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерден тұратын тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарттар шарттардың бөлек тізіліміне енгізіледі, оны жүргізу тәртібін мемлекеттік құпияны сақтау жөніндегі уәкілетті органмен келісім бойынша уәкілетті орган белгілейді. Мұндай мәліметтерге қол жеткізу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

17-бап. Теріс пиғылды ықтимал өнім берушілер (жеткізушілер) тізілімі

1. Теріс пиғылды ықтимал өнім берушілер (жеткізушілер) тізілімін уәкілетті орган жүзеге асырады.
2. Теріс пиғылды ықтимал өнім берушілер (жеткізушілер) тізіліміне біліктілік талаптары бойынша оның жалған ақпарат беру себебінен енгізілген ықтимал өнім беруші осындай факті белгіленген күннен бастап бір жыл ішінде тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуға қатысуға жіберілмейді.

Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шартты орындамаған не тиісінше орындамаған ықтимал өнім беруші осындай факті белгіленген күннен бастап екі жыл ішінде тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуға қатысуға жіберілмейді.

Теріс пиғылды ықтимал өнім берушілер (жеткізушілер) тізілімінде қамтылған мәліметтер осы Заңда белгіленген мерзім өткеннен кейін көрсетілген тізілімнен алынып тасталады.

3. Теріс пиғылды ықтимал өнім берушілер (жеткізушілер) тізілімінде қамтылған

мәліметтер мүдделі тұлғаларға төлем төлеместен танысу үшін қол жетімді болуы тиіс.

4. Теріс пиғылды ықтимал өнім берушілер (жеткізушілер) тізілімінің мазмұны, сондай-ақ оны жүргізу тәртібін уәкілетті орган белгілейді.

5. Уәкілетті орган ықтимал өнім берушіні (жеткізушінің) теріс пиғылды ықтимал өнім берушілер (жеткізушілер) тізіліміне енгізген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде оған тиісті хабарламаны осындай хабарламаны жөнелту мен алу фактісін растайтын т а с і л м е н ұ с ы н а д ы .

6. Ықтимал өнім берушіні (жеткізушінің) теріс пиғылды ықтимал өнім берушілер (жеткізушілер) тізіліміне енгізу туралы шешімге олар сот тәртібінде шағымдана алады.

18-бап. Тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер тізілімі

1. Тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер тізілімін жүргізуді уәкілетті орган ж ү з е г е а с ы р а д ы .

2. Тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер тізілімінде қамтылған мәліметтер мүдделі тұлғаларға төлем төлеместен танысу үшін қол жетімді болуы тиіс.

3. Тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер тізілімінің мазмұнын, сондай-ақ оны жүргізу тәртібін уәкілетті орган белгілейді.

2-тарау. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу жүйесін мемлекеттік реттеу

19-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу саласындағы құзыреті

Қазақстан Республикасы Үкіметінің тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу саласындағы құзыретіне:

1) тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын әзірлеу;

2) осы Заңның нормаларын қолданбай тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыратын ауылдық елді мекендерде орналасқан әлеуметтік саланың мемлекеттік мекемелері мені мемлекеттік кәсіпорындарының тізбесін бекіту;

3) оларды кейін қайта өңдеу және (немесе) сату мақсатында мемлекеттік кәсіпорындар, акцияларының (үлестерінің) елуден көбірек проценті мемлекетке тиесілі заңды тұлғалар және олармен аффилиирленген заңды тұлғалар сатып алатын тауарлар тізбесін бекіту;

4) Қазақстан Республикасының халықаралық келісімдеріне сәйкес сатып алынатын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер тізбесін қалыптастыру;

5) сатып алынуы стратегиялық мәні бар тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер тізбесін бекіту;

6) стратегиялық маңызды өндірістер үшін шикізат ресурсы болып табылатын, Қазақстан Республикасының аумағында өндірілмейтін және шетелде сатып алынатын

тауарлардың тізбесін бекіту;

7) тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуды маңызды стратегиялық мәні бар болатындарға жатқызу тәртібін айқындау;

8) тапсырыс берушілер қызметін үздіксіз қамтамасыз ету мақсатында келесі жылдың бірінші тоқсанына күн сайынғы және апта сайынғы тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер тізбесін бекіту;

9) демпингтік бағаны есептеу тәртібін белгілеу;

10) тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесін бекіту, сондай-ақ тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді электрондық мемлекеттік сатып алу жүйесі арқылы тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру тәртібін белгілеу;

11) құпиялық режимін сақтауды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі мен қорғаныс қабілетін сақтауды талап ететін Қазақстан Республикасының қорғанысын, құқықтық тәртіпті және ұлттық қауіпсіздік қажеттілігін қамтамасыз ету үшін тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырудың тәртібін белгілеу;

12) тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде мемлекеттік қолдау көзделетін отандық ықтимал өнім берушілер санатын белгілеу, сондай-ақ осындай қолдау шараларын белгілеу;

13) тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және жүргізу ережесін белгілеу;

14) мәліметтері ықтимал өнім берушілердің осы Заңда белгіленген біліктілік талаптарына сәйкестігін растау үшін пайдаланылатын халықаралық рейтингтік ұйымдардың, қор, тауар биржаларының, халықаралық аудиторлық ұйымдардың тізбесін бекіту;

15) тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырудың ерекше шарттарын белгілеу;

16) кәсіпкерлік қызмет субъектілері болып табылмайтын жеке тұлғалардан көрсетілетін қызметтерді, сондай-ақ оларға жеке меншік құқығында тиесілі мүлікті сатып алуды жүзеге асыру тәртібін белгілеу жатады.

20-бап. Уәкілетті органның құқықтары мен міндеттері

Уәкілетті органның құқықтары:

1) тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу жүйесінің субъектілерінен қажетті есептілікті, ақпаратты және материалдарды сұратады және алады, қажет болған жағдайда ұсынылған есептілік деректерінің дұрыстығын тексереді;

2) сараптамалар мен консультациялар жүргізу үшін мемлекеттік органдар мен өзге ұйымдардың мамандарын тартады.

2. Уәкілеттік органның міндеттері:

1) тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды қамтамасыз етеді;

2) тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды қорытады және әзірлейді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өз құзыреті шегінде нормативтік құқықтық актілер қабылдайды;

3) тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу жүйесі субъектілерінің қызметін реттеуді жүзеге асырады;

4) тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу жүйесінің жұмыс істеуі туралы ақпаратты жинауды, қорытуды және талдауды, сондай-ақ осы Заңда көзделген тізілімдерді жүргізуді жүзеге асырады;

5) тапсырыс берушілердің; тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарттардың; теріс пиғылды ықтимал өнім берушілердің (жеткізушілердің); тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізілімдерін жүргізу тәртібін белгілейді;

6) осы Заңға сәйкес сатып алынатын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер нарығына зерттеу жүргізеді;

7) тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу мәселелері бойынша есептілік нысанын әзірлейді, сондай-ақ оны жасау мен ұсыну тәртібін белгілейді;

8) тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу мәселелері бойынша әдістемелік материалдарды әзірлейді және бекітеді;

9) тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу саласында мамандар даярлау тәртібін белгілейді;

10) Қазақстан Республикасының ақпараттандыру туралы заңнамасына сәйкес ақпараттық жүйелерді қолдана отырып, электрондық қызметтер көрсетеді.

21-бап. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманың сақталуын бақылау

1. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманың сақталуын бақылауды бақылау субъектілерін жоспарлы және жоспардан тыс тексеру арқылы мемлекеттік қаржылық бақылау органдары жүзеге асырады.

2. Бақылау субъектілері тапсырыс беруші, сатып алуды ұйымдастырушы, конкурстық комиссия, сараптама комиссиясы (сарапшы), ықтимал өнім берушілер, жеткізушілер, тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді электрондық мемлекеттік сатып алу жүйесінің қатысушылары, сондай-ақ ашық тауар биржалары болып табылады, олардың қызметін реттеу осы Заңға сәйкес уәкілетті органның құзыретіне жатады.

3. Бақылау субъектілеріне қатысты жоспарлы тексерулер күнтізбелік жыл ішінде

кемінде бір рет жүзеге асырылады.

4. Мемлекеттік қаржылық бақылау органдары жоспардан тыс тексерулерді мынадай жағдайларда :

1) бақылау субъектілерінің әкімшілік құқық бұзушылық сипаттарын қамтитын іс-әрекеттер (әрекетсіздіктер) жасағаны туралы ақпараттың түсуі;

2) бақылау объектілерінің мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының жазбаша өкімдері мен қаулыларын орындамағаны туралы ақпараттың түсуі;

3) тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы ақпаратты жинау, қорыту және талдау нәтижелері бойынша жүзеге асыруға құқылы.

5. Жоспардан тыс тексеру ықтимал өнім берушінің, жеткізушінің не олардың уәкілетті өкілдерінің тапсырыс берушінің, сатып алуды ұйымдастырушының не конкурстық комиссияның, сараптама комиссиясының (сарапшының), комиссияның іс-әрекеттеріне (әрекетсіздіктеріне), шешімдеріне шағыммен жазбаша өтініш жасаған жағдайда жүзеге асырылады. Бұл ретте осындай шағымды қарау осы Заңның 52-бабында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

6. Бақылау іс-шараларын өткізу нәтижесінде бақылау субъектісі тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы бұзғандығы анықталған кезде, мемлекеттік қаржылық бақылау органдары бақылау субъектісіне орындауға міндетті нұсқамалар немесе қаулылар жібереді не тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы бұза отырып жасалған тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы күшіне енген шарттарды жарамсыз деп тану туралы талап арызбен сот органдарына шағымданады.

7. Бақылау іс-шараларын өткізу нәтижесінде бақылау объектісі қылмыс құрамының сипаттарын қамтитын іс-әрекеттер (әрекетсіздіктер) жасаған фактісі анықталған кезде, мемлекеттік қаржылық бақылау органдары осындай факті анықталған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде көрсетілген іс-әрекетті (әрекетсіздікті) жасағаны туралы ақпаратты және осындай фактіні растайтын құжаттарды құқық қорғау органдарына беруге міндетті.

8. Егер, бақылау іс-шараларын өткізу нәтижесінде бақылау субъектісі мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының нұсқамаларын не қаулыларын орындамағаны анықталса, мемлекеттік қаржылық бақылау органдары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілік шараларын қолданады.

9. Мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының іс-әрекеттеріне, сондай-ақ шешімдеріне Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шағымдануға болады.

3-тарау. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алу

22-бап. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру

1. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алу тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырудың негізгі тәсілі болып табылады.

2. Сатып алуды ұйымдастырушы тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырады және өткізеді.

3. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу ашық не жабық конкурс, сондай-ақ екі кезеңді рәсімдерді пайдалана отырып конкурс тәсілімен өткізіледі.

Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді жабық конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алу ол туралы мәліметтер мемлекеттік құпияны құрайтын тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жүзеге асырған жағдайда ғана жүргізіледі. Бұл ретте тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді жабық конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алу рәсімі осы Заңның 24-бабының 2 және 3-тармақтарының, 25-бабының, 30-бабының 1-тармағының, 33-бабының 2-тармағының ережелерін ескере отырып, тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алу үшін осы Заңда белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

4. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді ашық не жабық конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырған кезде, сатып алуды ұйымдастырушы конкурстық құжаттамада біртекті болып табылмайтын тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді бөліктерге (лоттарға) бөлуге құқылы.

Біртекті тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді ашық не жабық конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырған кезде, сатып алуды ұйымдастырушы конкурстық құжаттамада біртекті тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді оларды жеткізу (орындау, көрсету) орны бойынша бөліктерге (лоттарға) бөлуге міндетті.

Біртекті тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің бірнеше түрлерін ашық не жабық конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүргізген кезде, сатып алуды ұйымдастырушы конкурстық құжаттамада тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді олардың біртекті түрлері бойынша және оларды жеткізу (орындау, көрсету) орны бойынша бөліктерге (лоттарға) бөлуге міндетті.

Конкурсқа қатысушылардың конкурстық баға ұсыныстарын бағалау және салыстыру әрбір лот бойынша жүзеге асырылады. Конкурс жеңімпазы тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің әрбір лоты бойынша анықталады.

5. Конкурсқа конкурсқа қатысуға өтінімдерді қарау қорытындылары бойынша конкурстық комиссия анықтаған, конкурстық құжаттаманың біліктілік және өзге

талаптарына сәйкес келетін және тиісінше, конкурсқа қатысушы болып танылған ықтимал өнім берушілер қатысады.

Конкурс тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу мынадай:

1) конкурстық комиссия конкурсқа қатысушы екі ықтимал өнім берушіден кем деп танылған кезде;

2) конкурсқа қатысушылардың барлық конкурстық ұсыныстарын қабылдамаған кезде;

3) конкурс жеңімпазының тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шартты жасасудан бас тартқан жағдайда өтпей қалды деп танылады.

23-бап Конкурстық құжаттама

1. Конкурстық құжаттаманы сатып алуды ұйымдастырушы әзірлейді және тапсырыс берушінің бірінші басшысы не ол уәкілеттік берген тұлға бекітеді.

2. Конкурстық құжаттама жеткізілетін тауардың, орындалатын жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тапсырыс берушінің қажеттілігіне сәйкес келетінін анықтауға, оның ішінде:

1) тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің сапасына, техникалық сипаттарына, олардың қауіпсіздігіне;

2) тауарлардың функционалдық және пайдалану сипаттарына (тұтыну қасиетіне);

3) тауарларды жеткізу мөлшеріне, орауына, тиеуіне, мерзіміне және бекетіне, санына, кепілдік берілген мерзіміне;

4) жұмыстар, көрсетілетін қызметтер нәтижелеріне байланысты талаптарды қамтуы тиіс.

Конкурстық құжаттама осы конкурстың мәні болып табылатын тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу үшін бөлінген сома туралы мәліметті де қамтуы тиіс.

3. Негізгі (орнатылған) жабдықты жиынтықтай түсу, жаңғырту және жабдықтай түсу үшін тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезіндегі жағдайларды қоспағанда, конкурстық құжаттамада тауар белгілеріне, қызмет көрсету белгілеріне, фирма атауларына, патенттерге, пайдалы модельдерге, өнеркәсіп үлгілеріне, тауардың шыққан орнының атауына және өндірушінің атауына сілтемелердің болуына жол берілмейді.

4. Конкурстық құжаттамада неғұрлым сапалы тауарды, жұмысты, көрсетілетін қызметті ұсынатын конкурсқа қатысушыны анықтау мақсатында конкурс жеңімпазын анықтау кезінде конкурстық комиссия ескеретін мынадай өлшемдердің көзделуі:

1) сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тиісті нарығында жұмыс тәжірибесінің болуы;

2) ықтимал өнім берушілер ұсынып отырған тауарлардың, жұмыстардың,

көрсетілетін қызметтердің Қазақстан Республикасының техникалық реттеу туралы заңнамасының талаптарына сәйкес келуі;

3) конкурсқа қатысушыда мемлекеттік стандарттардың талаптарына сәйкес сертификатталған менеджмент жүйесінің бар болуы тиіс.

5. Сатып алуды ұйымдастырушы конкурстық құжаттамада мынадай қосымша ө л ш е м д е р д і :

1) тауарлардың функционалдық, техникалық және сапалық сипаттамасын;

2) сатып алынатын тауарларды пайдалануға, оларға техникалық қызмет көрсетуге және оларды жөндеуге арналған шығыстарды көздеуге құқылы.

6. Сатып алуды ұйымдастырушы конкурстық құжаттамада конкурсқа қатысуға жіберілген ықтимал өнім берушінің (конкурсқа қатысушының) конкурстық бағалық ұсынысына қолданылатын, осы баптың 4, 5-тармақтарында көрсетілген әрбір осындай өлшемнің проценттік маңызын көрсетуге міндетті.

7. Конкурстық құжаттамада қамтылған мәліметтер мен құжаттар, сондай-ақ оны конкурсқа қатысуға үміткер ықтимал өнім берушілерге беру тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

8. Конкурстық құжаттамаға өзгерістер енгізу осы Заңның 26-бабының 2-тармағына с ә й к е с жү з е г е а с ы р ы л а д ы .

9. Сатып алуды ұйымдастырушының мамандары, сондай-ақ конкурстық құжаттаманың ажырамас бөлігі болып табылатын, сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің техникалық ерекшеліктерін әзірлеуге қатысатын мамандар, олар конкурстық құжаттаманы әзірлеген кезде жіберген осы Заңның және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауапкершілікке тартылады.

24-бап. Ықтимал өнім берушілерді тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды конкурс тәсілімен жүзеге асыру туралы хабардар ету

1. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды ашық конкурс тәсілімен жүзеге асырған кезде, сатып алуды ұйымдастырушы ықтимал өнім беруші конкурсқа қатысуға өтінім беретін соңғы күнге дейін кемінде отыз күнтізбелік күн ішінде тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды ашық конкурс тәсілімен жүзеге асыру туралы хабарландыруды Бюллетеньде және уәкілетті органның ресми сайтында жариялауды қамтамасыз етеді.

Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді қайталама мемлекеттік сатып алуды ашық конкурс тәсілімен жүзеге асырған жағдайда, сатып алуды ұйымдастырушы ықтимал өнім беруші конкурсқа қатысуға өтінім беретін соңғы күнге дейін кемінде он бес күнтізбелік күннің ішінде мемлекеттік сатып алуды ашық конкурс тәсілімен жүзеге асыру туралы тиісті хабарландыруды Бюллетеньде және уәкілетті органның ресми

сайтында жариялауды қамтамасыз етеді.

Сатып алуды ұйымдастырушы тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды ашық конкурс тәсілімен жүзеге асыру, қайталама жүзеге асыру туралы хабарландыруды, сондай-ақ осындай сатып алудың қорытындылары туралы ақпаратты Бюллетеньге және уәкілетті органның ресми сайтына қосымша ретінде басқа да бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға құқығы бар.

2. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды жабық конкурс тәсілімен өткізген кезде, сатып алуды ұйымдастырушы ықтимал өнім беруші конкурсқа қатысуға өтінім беретін соңғы күнге дейін кемінде отыз күнтізбелік күннің ішінде ол жабық конкурсқа қатысуға шақыратын ықтимал өнім берушілер атына ықтимал өнім беруші осындай шақыруды алғандығын растайтын шартпен ж а з б а ш а х а б а р л а м а ж і б е р е д і .

Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді қайталама мемлекеттік сатып алуды жабық конкурс тәсілімен жүзеге асырған жағдайда, тиісті жазбаша хабарламаны сатып алуды ұйымдастырушы ықтимал өнім беруші осындай шақыруды алғанын растай отырып өзінің конкурсқа қатысуға өтінім беретін соңғы күнге дейін кемінде он бес күнтізбелік күннің ішінде ол жабық конкурсқа қатысуға шақыратын ықтимал өнім берушілер атына жіберуі тиіс.

3. Тапсырыс беруші тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды конкурс тәсілімен жүзеге асырудан Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген негіздемелер бойынша бас тартуға құқылы. Бұл ретте мұндай шешім ықтимал өнім беруші конкурсқа қатысуға өтінім беретін соңғы күннен кешіктірмей қабылдануы мүмкін.

Сатып алуды ұйымдастырушы тапсырыс беруші бас тарту туралы шешімді қабылдаған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды конкурс тәсілімен жүзеге асыру туралы хабарландыруды не тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды жабық конкурс тәсілімен жүзеге асыру туралы хабарламаны жариялау үшін белгіленген тәртіппен тапсырыс берушінің тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды конкурс тәсілімен жүзеге асырудан бас тартқандығы туралы хабар беруі тиіс.

Сатып алуды ұйымдастырушы тапсырыс беруші тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды конкурс тәсілімен жүзеге асырудан бас тартқандығы туралы шешімді қабылдаған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде ықтимал өнім берушілерге олардың конкурсқа қатысуға өтінімдеріне енгізген қамтамасыз етуді қайтарып беруге міндетті.

25-бап. Конкурстық құжаттаманы беру

1. Ашық конкурс өткізу туралы хабарландыру жарияланған немесе жабық конкурсқа қатысуға шақыру туралы хабарлама жіберген күннен бастап сатып алуды

ұйымдастырушы мүдделі ықтимал өнім берушілердің уәкілетті өкілдеріне конкурстық құжаттаманың көшірмесін беруге міндетті. Бұл ретте конкурстық құжаттаманың көшірмесі берілген ықтимал өнім берушілер сатып алуды ұйымдастырушының тиісті журналында міндетті тіркеуге жатады.

Конкурстық құжаттаманың көшірмесі, егер мұндай төлемді сатып алуды ұйымдастырушы белгілесе және ол туралы конкурс өткізу туралы хабарландыруда не жабық конкурсқа қатысуға шақыру туралы хабарламада қамтылса, ықтимал өнім беруші конкурстық құжаттаманы бергені үшін төлем төлегеннен кейін беріледі. Көрсетілген төлемнің мөлшері сатып алуды ұйымдастырушының конкурстық құжаттаманың көшірмесін жасауға арналған шығыстарынан артпауы тиіс.

2. Конкурстық құжаттаманың көшірмесін ашық конкурс өткізу туралы хабарландыру жарияланғанға және жабық конкурсқа қатысуға шақыру туралы хабарлама жіберілгенге дейін беруге жол берілмейді.

26-бап. Конкурстық құжаттаманың ережелерін түсіндіру

1. Конкурсқа қатысуға үміткер ықтимал өнім беруші конкурстық құжаттаманың ережелерін түсіндіру туралы сұрау салумен өтініш білдіруге, бірақ конкурсқа қатысуға өтінім берудің соңғы мерзімі өткенге дейін он күнтізбелік күннен кешіктірмей құқылы. Сатып алуды ұйымдастырушы сұрау салуды алған күннен бастап үш күнтізбелік күн ішінде оған жауап беруге және сұрау салу кімнен келіп түскенін көрсетпестен, мұндай түсіндіруді сатып алуды ұйымдастырушы конкурстық құжаттаманың көшірмелерін берген барлық ықтимал өнім берушілерге хабарлауға міндетті.

2. Сатып алуды ұйымдастырушы конкурсқа қатысуға өтінім беруді соңғы мерзімі өткенге дейін бес күнтізбелік күннен кешіктірмей өзінің бастамасы бойынша немесе сатып алуды ұйымдастырушы конкурстық құжаттаманың көшірмесін берген ықтимал өнім берушінің сұрау салуын жауап ретінде конкурстық құжаттамаға өзгерістер енгізуге құқылы. Конкурстық құжаттамаға өзгерістер енгізу конкурстық құжаттаманы бекіту сияқты тәртіппен ресімделеді.

Енгізілген өзгерістердің міндетті күші бар және олар туралы конкурстық құжаттамаға өзгерістер енгізілген күннен бастап бір жұмыс күнінен аспайтын мерзімде сатып алуды ұйымдастырушы конкурстық құжаттаманың көшірмесін берген ықтимал өнім берушілердің барлығына хабарланады. Бұл ретте конкурсқа қатысуға өтінімдер берудің түпкі мерзімін сатып алуды ұйымдастырушы ықтимал өнім берушілер осы өзгерістерді конкурсқа қатысуға өтінімдерде есепке алу үшін он күнтізбелік күннен кем емес мерзімге ұзарттады.

3. Сатып алуды ұйымдастырушы конкурстық құжаттаманың ережелерін түсіндіру үшін ықтимал өнім берушілермен конкурстық құжаттамада көрсетілген белгілі жерде және тиісті уақытта кездесу жүргізуге құқылы. Бұл ретте сатып алуды ұйымдастырушы олардың шығу көздерін көрсетпей берілген конкурстық құжаттаманы түсіндіру туралы ықтимал өнім берушілердің сауалдарын, сондай-ақ осы сауалдарға жауаптарды

қамтитын, ықтимал өнім берушілермен кездесу хаттамасын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген нысан бойынша жасайды. Хаттама ықтимал өнім берушілермен кездесу жүргізген күннен бастан екі жұмыс күннен кешіктірмей конкурстық комиссияға және сатып алуды ұйымдастырушыға конкурстық құжаттаманың көшірмесін берген барлық ықтимал өнім берушілерге жіберіледі.

27-бап. Конкурса қатысуға өтінім

1. Конкурса қатысуға өтінім конкурса қатысуға үміткер ықтимал өнім берушінің конкурстық құжаттамада көзделген талаптарға және шарттарға сәйкес тауарды жеткізуді, жұмысты орындауды, қызметті көрсетуді жүзеге асыруға келісімін білдіру нысаны болып табылады.

2. Конкурса қатысуға үміткер ықтимал өнім беруші конкурстық құжаттамада белгіленген мерзімде конкурса қатысуға өтінім береді.

3. Конкурса қатысуға өтінімде қамтылуы тиіс мәліметтер мен құжаттарды, сондай-ақ оны беру тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

Конкурса қатысуға өтініші конкурса қатысуға үміткер ықтимал өнім берушінің осы Заңның 10-бабында көзделген шектеулерді бұзбағандығы туралы, ықтимал өнім берушінің тапсырыс берушімен не сатып алуды ұйымдастырушымен осы Заңда көзделмеген өзара қарым-қатынастары болмағанын растауы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен осы Заңның 43-бабының 6-тармағында көзделген тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шартты бұзуға келісімі міндетті түрде болуы тиіс.

28-бап. Конкурса қатысуға өтінім беру

1. Конкурса қатысуға өтінімдерді конкурса қатысуға үміткер ықтимал өнім берушілер сатып алуды ұйымдастырушыға конкурстық құжаттамада көрсетілген оларды берудің соңғы мерзімі аяқталғанға дейін береді.

Конкурса қатысуға үміткер ықтимал өнім беруші конкурса қатысуға өзінің өтінімін дайындауға және беруге, сондай-ақ осы Заңның 26-бабының 3-тармағына сәйкес сатып алуды ұйымдастырушы өткізетін кездесуге қатысуға байланысты барлық шығыстарды көтереді. Тапсырыс беруші, сатып алуды ұйымдастырушы, конкурстық комиссия, сараптама комиссиясы (сарапшы) тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алу қорытындыларына қарамастан, осы шығыстарды өтеуге міндеттеме алмайды.

2. Конкурса қатысуға өтінім конкурстық құжаттамаға сәйкес онда көрсетілген мерзім ішінде күшінде қалады.

3. Сатып алуды ұйымдастырушы конкурса қатысуға өтінімнің қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін он күнтізбелік күннен кешіктірмей конкурса қатысуға үміткер ықтимал өнім берушілерді осы мерзімді нақты уақыт кезеңіне ұзартуды сұрауға құқылы. Конкурса қатысуға үміткер ықтимал өнім беруші енгізген конкурса қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді қайтарып алуға құқығын жоғалтпастан, мұндай

сұрау салуды орындамауға құқылы.

4. Конкурса қатысуға үміткер ықтимал өнім беруші енгізген конкурса қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді қайтарып алуға құқығын жоғалтпастан, конкурстық құжаттамада көзделген оларды берудің түпкі мерзімі аяқталғанға дейін өзінің конкурса қатысуға өтінімін өзгертуге немесе қайтарып алуға құқылы. Мұндай өзгерту немесе қайтарып алу туралы хабарлама, егер оны сатып алуды ұйымдастырушы конкурса қатысуға өтінімін берудің түпкі мерзімі аяқталғанға дейін алғанда жарамды болады.

5. Конкурса қатысуға өтінім, оны берудің түпкі мерзімі аяқталғаннан кейін ашылмайды және ықтимал өнім берушіге қайтарылады.

29-бап. Конкурса қатысуға өтінімді қамтамасыз ету

1. Конкурса қатысуға үміткер ықтимал өнім беруші Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген нысанда, тәсілмен, шарттарда және әрекет ету мерзімімен конкурс тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу үшін бөлінген және осы тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алудың конкурстық құжаттамасында көзделген соманың бір проценті мөлшерінде конкурса қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді енгізуге міндетті.

Конкурса қатысуға үміткер ықтимал өнім беруші осы баптың 3-тармағында көзделген конкурса қатысуға өтінімді қамтамасыз етудің кез келген түрін таңдауға құқылы.

2. Конкурса қатысуға үміткер ықтимал өнім беруші, егер ол екі кезеңді рәсімдерді пайдаланып конкурс тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алудың бірінші кезеңіне қатысса конкурса қатысуға өтінімді қамтамасыз етпейді.

3. Конкурса қатысуға үміткер ықтимал өнім беруші конкурса қатысуға өтінімді таңдау бойынша:

- 1) тапсырыс берушінің не тапсырыс беруші осы Заңға сәйкес айқындаған заңды тұлғаның банктік шотында орналастырылатын ақша кепілі не ақшаны ұстап қалу;
- 2) банктің кепілдігі түрінде береді.

4. Конкурса қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді сатып алуды ұйымдастырушы мынадай жағдайларда, егер:

1) конкурса қатысуға үміткер ықтимал өнім беруші конкурса қатысуға өтінім берудің соңғы мерзімі аяқталғаннан кейін конкурса қатысуға өтінімін кері қайтарып алса немесе өзгертсе;

2) конкурса жіберілген ықтимал өнім беруші (конкурса қатысушы) өз конкурстық баға ұсынысын белгіленген мерзімде табыс етпесе не кері қайтарып алса;

3) ықтимал өнім беруші тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасудан бас тартса не тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шартты жасасып, осы Заңның

43-бабының 4-тармағында көзделген жағдайларда шартты орындауды қамтамасыз етуді енгізбесе қайтармайды.

Бұл ретте конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз ету сомасы тиісті бюджеттің, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, мемлекеттік кәсіпорынның, акцияларының (үлестерінің) елуден көбірек проценті мемлекетке тиесілі заңды тұлғалардың және олармен аффилиирленген заңды тұлғалардың кірісіне есептеледі.

5. Сатып алуды ұйымдастырушы конкурсқа қатысуға енгізілген өтінімді қамтамасыз етуді мынадай жағдайлардың бірі басталған күннен бастап:

1) тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарт күшіне енсе;

2) конкурс жеңімпазын анықтамай тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу рәсімі аяқталса, оның ішінде тапсырыс беруші тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды конкурс тәсілімен жүргізуден бас тартқан жағдайда;

3) конкурсқа қатысуға өтінім берудің соңғы мерзімі аяқталғанға дейін конкурсқа қатысуға өтінімді қайтарып алса үш жұмыс күні ішінде ықтимал өнім берушіге қайтарады.

30-бап. Конкурсқа қатысуға өтінімдер салынған конверттерді ашу

1. Конкурстық комиссия конкурсқа қатысуға өтінімдер салынған конверттерді конкурстық құжаттамада көрсетілген мерзімде, уақыт пен орында ашады.

Конкурсқа қатысуға өтінімді табыс еткен ықтимал өнім беруші немесе оның уәкілетті өкілі конкурсқа қатысуға өтінімдер салынған конверттерді ашқан кезде қ а т ы с у ғ а қ ұ қ ы л ы .

Конкурсқа қатысуға өтінімдер салынған конверттерді ашу кезінде конкурсқа қатысуға үміткер ықтимал өнім берушілер, сондай-ақ олардың өкілдері аудио немесе бейнетүсірілімдерді жүргізуге құқылы. Осы ереже тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды жабық конкурс тәсілімен жүзеге а с ы р у жағдайына қолданылмайды.

Конкурсқа қатысуға үміткер қатысып отырған ықтимал өнім берушілер, сондай-ақ олардың өкілдері конкурстық комиссияның қызметіне араласуға құқығы жоқ.

2. Конкурстық комиссия конкурсқа қатысуға өтінімдерді ашу хаттамасын оларды ашу күнінен кейінгі бір жұмыс күнінен кешіктірмей жасайды.

Конкурсқа қатысуға өтінімдерді ашу хаттамасына конверттерді ашу рәсіміне қатысқан барлық мүшелер, сондай-ақ конкурстық комиссия хатшысы қол қояды.

Конкурсқа қатысуға өтінімдерді ашу хаттамасының көшірмесін ашу рәсімі кезінде қатысқан ықтимал өнім берушілерге ашу күнінен кейінгі екі жұмыс күнінен кешіктірмей беріледі, қатыспағандарға - олардан жазбаша сауал салу алынған күннен бастап екі жұмыс күні мерзімінен кешіктірілмей жіберіледі.

3. Конкурсқа қатысуға өтінімдерді ашу хаттамасында қамтылған мәліметтер

конкурстық құжаттамада белгіленген мерзімде конкурсқа қатысуға өтінім берген ықтимал өнім берушілердің барлығына төлем төлеместен танысу үшін қол жетімді болуы тиіс.

31-бап. Конкурсқа қатысуға өтінімдерді қарау (конкурсқа қатысуға рұқсат беру)

1. Конкурсқа қатысуға өтінімдерді қарауды конкурстық комиссия конкурсқа қатысуға үміткер ықтимал өнім берушілер арасында конкурстық құжаттаманың біліктілік және өзге де талаптарына сәйкес келетін ықтимал өнім берушілерді анықтау және оларды конкурсқа қатысушы деп тану мақсатында жүзеге асырады.

2. Қажет болған жағдайда сатып алуды ұйымдастырушы конкурсқа қатысуға үміткер ықтимал өнім берушілер ұсынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің конкурстық құжаттаманың ажырамас бөлігі болып табылатын техникалық ерекшелікке сәйкес келуіне қатысты сараптама комиссиясын құруға не конкурстық комиссиясының сараптама қорытындысын дайындау үшін сарапшыны анықтауға құқылы.

Сатып алуды ұйымдастырушыда тиісті бейіндегі мамандары болмаған жағдайда, тапсырыс беруші не тапсырыс беруші осы Заңға сәйкес айқындаған заңды тұлға сарапшылар ретінде мемлекеттік қызметшілерді не бейіні сатып алынатын тауарларға, жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге сәйкес келетін өзге мамандарды жұмысқа тартуға құқылы. Мемлекеттік қызметшілер сарапшылар ретінде өтеусіз негізде, ал өзге мамандар - ақылы да, өтеусіз де негізде тараптардың уағдаластығы бойынша тартылады.

Сарапшылардың конкурстық комиссия шешім қабылдаған кезде дауыс беруге құқығы жоқ. Бұл ретте оның негізінде заңсыз шешім қабылдаған қорытындыны берген сарапшылар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауап береді.

Сарапшылар есебінде ақылы негізде тартылатын тұлғаларды таңдау осы Заңға сәйкес жүзеге асырылады.

3. Конкурсқа қатысуға өтінімді қарау кезінде конкурстық комиссия:

1) конкурсқа қатысуға өтінімді қарауды, бағалауды және салыстыруды жеңілдету үшін олардың өтінімдеріне байланысты конкурсқа қатысуға үміткер ықтимал өнім берушілерден материалдарды және түсіндірулерді жазбаша нысанда сұратуға;

2) конкурсқа қатысуға арналған өтінімде қамтылған мәліметтерді нақтылау мақсатында тиісті мемлекеттік органдардан, жеке және заңды тұлғалардан қажет ақпаратты жазбаша нысанда сұратуға құқылы.

Конкурсқа қатысуға арналған өтінімді конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келтіруге байланысты сұрау салуларға және конкурстық комиссияның өзге іс-әрекеттеріне жол берілмейді. Конкурсқа қатысуға арналған өтінімді конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келтірумен конкурсқа қатысуға өтінімді жетіспейтін құжаттармен толықтыруға, конкурсқа қатысуға арналған өтінімде берілген құжаттарды ауыстыруға, тиісінше ресімделмеген құжаттарды сәйкестендіруге бағытталған

конкурстық комиссияның іс-әрекеттері түсіндіріледі.

Конкурстық комиссия, егер берілген өтінімнің мәніне тиіспей өзгертуге болатын грамматикалық немесе арифметикалық қателер болса, конкурсқа қатысуға өтінімді конкурстық құжаттаманың талаптарына жауап беретін өтінім ретінде қарайды.

4. Конкурсқа қатысуға үміткер ықтимал өнім беруші, егер:

1) ол және (немесе) оның қосалқы мердігері не бірлесіп орындаушысы біліктілік талаптарына сәйкес келмесе;

2) осы заңның 10-бабының талаптарын бұзса;

3) оның конкурсқа қатысуға өтінімі конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келмейді деп айқындалса, конкурсқа қатысуға жіберілмейді (конкурстың қатысушысы болып танылмайды).

Егер ықтимал өнім беруші осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген негіздемелер бойынша конкурсқа қатысуға жіберілмеген жағдайда, онда:

конкурс тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алудың қорытындылары туралы хаттамада оны қайтарудың дәлелдері көрсетіледі, олар осындай өтінімді табыс еткен ықтимал өнім, берушіге осы Заңның 33-бабында айқындалған тәртіппен хабарланады;

осы Заңның 10-бабының талаптарын бұзған ықтимал өнім беруші туралы мәліметтер белгіленген тәртіппен теріс пиғылды ықтимал өнім берушілер (жеткізушілер) тізіліміне енгізілуге тиіс.

5. Конкурстық комиссия конкурсқа қатысуға арналған өтінімдерді қарау нәтижелері бойынша мыналарды:

1) біліктілік талаптарына және конкурстық құжаттаманың талаптарына сай келетін, конкурсқа қатысуға жіберілетін ықтимал өнім берушілерді (конкурсқа қатысушыларды)

2) конкурсқа қатысуға жіберілген әрбір ықтимал өнім берушіге (конкурсқа қатысушыға) қолданылатын, осы Заңның 23-бабының 4-тармағына сәйкес конкурстық құжаттамада көзделген өлшемдердің проценттік маңызын айқындайды және конкурсқа қатысуға жіберу туралы хаттаманы ресімдейді.

6. Конкурсқа қатысуға жіберу туралы хаттамаға отырысқа қатысқан конкурстық комиссияның барлық мүшелері, сондай-ақ хатшысы қол қояды.

Сатып алуды ұйымдастырушы конкурсқа қатысуға жіберу туралы хаттамаға қол қойған күннен бастап үш жұмыс күнінің ішінде көрсетілген хаттаманың көшірмесін конкурстық құжаттамада белгіленген мерзімде конкурсқа қатысуға өтінім берген барлық ықтимал өнім берушілерге жібереді.

7. Конкурстық комиссияның конкурсқа қатысуға жіберу туралы шешіміне осы Заңның 52-бабында белгіленген тәртіппен шағым жасалуы мүмкін.

32-бап. Конкурстық баға ұсыныстарын бағалау мен салыстыру (конкурс)

1. Конкурса қатысуға жіберу туралы хаттамада белгіленген күн конкурса жіберілген ықтимал өнім берушілер (конкурса қатысушылар) сатып алуды ұйымдастырушыға сатып алуды ұйымдастырушының тиісті журналында тіркелетін конкурстық баға ұсыныстарын табыс етеді.

2. Конкурса қатысуға жіберілген ықтимал өнім берушілердің (конкурса қатысушылардың) конкурстық баға ұсыныстарын бағалау мен салыстыру жөніндегі конкурстық комиссияның отырысына мұндай ықтимал өнім берушілердің өкілдері дыбыс және бейне түсіруді жүргізу құқығымен қатыса алады.

3. Конкурстық комиссия конкурса қатысуға жіберілген ықтимал өнім берушілердің (конкурса қатысушылардың) конкурстық баға ұсыныстарын, егер:

1) конкурстық баға ұсынысының бағасы демпингтік болып табылса, Демпингтік бағаны айқындау тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді;

2) конкурстық баға ұсынысы осы тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу үшін бөлінген сомадан артық болған жағдайларда қ а б ы л д а м а й д ы .

Конкурса қатысуға жіберілген және осы тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу үшін бөлінген сомадан артық конкурстық баға ұсынысын табыс еткен ықтимал өнім беруші (конкурса қатысушы) теріс пиғылды ықтимал өнім беруші болып танылады және осы Заңда белгіленген тәртіппен теріс пиғылды ықтимал өнім берушілер (жеткізушілер) тізіліміне енгізілуі тиіс.

4. Конкурстық комиссия конкурс жеңімпазын конкурса қатысуға жіберу туралы хаттамада көрсетілген өлшемдердің проценттік мәнін қолдануды ескере отырып есептелген ең төмен шартты баға негізінде айқындайды.

33-бап. Конкурс тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу қорытындылары туралы хаттама

1. Конкурса жіберілген ықтимал өнім берушілердің (конкурса қатысушылардың) конкурстық баға ұсыныстарын бағалау мен салыстыру нәтижелері бойынша конкурстық комиссия отырысқа қатысқан конкурстық комиссияның барлық мүшелері, сондай-ақ хатшысы қол қоятын конкурс тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу қорытындылары туралы хаттаманы р е с і м д е й д і .

2. Конкурс тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу қорытындылары туралы хаттаманың көшірмесін тапсырыс беруші конкурс тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу қорытындыларын шығарғаннан кейін конкурса қатысуға өтінімді табыс еткен кез келген ықтимал өнім берушінің талабы бойынша табыс етіледі . Бұл ретте тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды жабық конкурс тәсілімен өткізген жағдайда хаттамадан үзіндінің көшірмесін

Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасында белгіленген
т ә р т і п п е н ұ с ы н ы л а д ы .

3. Тапсырыс беруші конкурс тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу қорытындыларын шығарған күннен бастап конкурс тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алудың қорытындылары туралы ақпаратты Бюллетеньде және уәкілетті органның ресми сайтында жариялау үшін жіберуге міндетті.

4. Конкурс тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтер мемлекеттік сатып алу қорытындылары туралы хаттамада қамтылған мәліметтер танысу үшін ақы төлемей барлық мүдделі тұлғаларға қол жетімді болуы тиіс.

34-бап. Конкурс тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды өтпеді деп тану салдарлары

1. Егер конкурс тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу өтпеді деп танылса, тапсырыс беруші:

1) конкурс тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды қайтадан өткізу туралы;

2) конкурстық құжаттаманы өзгерту және конкурс тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды қайтадан өткізу туралы ;

3) бір көзден алу тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы шешімдер қабылдауға құқылы.

2. Конкурсқа тек бір ғана ықтимал өнім беруші жіберілуге не конкурсқа қатысушының тек бір ғана конкурстық баға ұсынысы қалуға байланысты конкурс тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды өтпеді деп таныған жағдайда тапсырыс беруші мұндай конкурсқа қатысушымен бір көзден алу тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасуға құқылы. Бұл ретте бір көзден алу тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарт мұндай конкурсқа қатысушының өтінімінде көзделген шарттарда жасалады және онымен жасалған шарттың бағасы мұндай конкурсқа қатысушының баға ұсынысында мәлімделген бағадан аспауы тиіс.

35-бап. Екі кезеңді рәсімдерді пайдалана отырып, конкурс тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды өткізу ерекшеліктері

1. Екі кезеңді рәсімдерді пайдалана отырып, конкурс тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу:

1) тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің егжей-тегжейлі ерекшеліктерін толық тұжырымдау, олардың техникалық және (немесе) өзге де

сипаттамаларын анықтау қиын және ықтимал өнім берушілердің ұсыныстарын сұрау не туындаған мәселелер бойынша олармен келіссөз жүргізу қажет болған;

2) ғылыми зерттеулер, эксперименттер, іздестірулер жүргізу немесе әзірлемелер жасау қажет болған жағдайларда өткізіледі.

2. Екі кезеңді рәсімдерді пайдалана отырып конкурс тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу мынадай дәйекті кезеңдердің жиынтығын білдіреді:

1) бірінші кезеңде мынадай іс-шаралар жүзеге асырылады: сатып алуды ұйымдастырушы сараптама комиссиясын құрады не сарапшыны а й қ ы н д а й д ы ;

сараптама комиссиясы не сарапшы тапсырыс беруші қажеттілігінің негізінде сатып алынатын тауарларға, жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге техникалық тапсырма қ а л ы п т а с т ы р а д ы ;

Бюллетеньде және уәкілетті органның ресми сайтында екі кезеңді рәсімдерді пайдалана отырып, конкурс тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы хабарландыруды жариялайды;

сатып алуды ұйымдастырушы екі кезеңді рәсімдерді пайдалана отырып, конкурсқа қатысуға үміткер ықтимал өнім берушілерге техникалық тапсырманы береді;

конкурсқа қатысуға үміткер ықтимал өнім берушілер екі кезеңді рәсімдерді пайдалана отырып, техникалық тапсырмаға сәйкес әзірленген техникалық ұсыныстар б е р е д і ;

сараптама комиссиясы не сарапшы екі кезеңді рәсімдерді пайдалана отырып, конкурсқа қатысуға үміткер ықтимал өнім берушілердің техникалық ұсыныстарын қарайды және олармен сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің техникалық, сапалық және (немесе) өзге сипаттамаларына, оларды жеткізудің (орындаудың, көрсетудің) шарттық талаптарына қатысты мәселелерді т а л қ ы л а й д ы ;

сараптама комиссиясы не сарапшы сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің техникалық ерекшелігін әзірлейді;

сатып алуды ұйымдастырушы конкурстық құжаттаманы әзірлейді және оны тапсырыс берушінің бірінші басшысы не ол өкілеттік берген тұлға бекітеді;

сатып алуды ұйымдастырушы бірінші кезеңде техникалық ұсыныстарды ұсынған ықтимал өнім берушілерге екі кезеңді рәсімдерді пайдалана отырып, конкурс тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алудың екінші кезеңіне қатысуға шақыру жібереді;

2) екінші кезеңде конкурс тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды өткізу үшін көзделген іс-шаралар жүзеге асырылады.

4-тарау. Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу

36-бап. Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырудың негіздемелері

1. Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу тапсырыс беруші үшін егжей-тегжейлі ерекшеліктерінің елеулі маңызы жоқ тауарларға, жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге жүргізіледі, бұл ретте баға шешуші шарт болып табылады.

2. Егер белгілі бір тауарды, не белгілі бір жұмысты, көрсетілетін қызметті мемлекеттік сатып алудың жылдық көлемі құны жағынан тиісті қаржы жылына арналған Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген айлық есепті көрсеткіштің төрт мың еселенген мөлшерінен аспаған жағдайда ғана баға ұсыныстарын сұрату тәсілі қолданылады.

3. Баға ұсыныстарын сұрату тәсілін қолдану мақсатында қаржы жылы ішінде белгілі бір тауарды, белгілі бір жұмысты, көрсетілетін қызметті сатып алудың жылдық көлемін олардың ең болмаса біреуінің мөлшері осы баптың 2-тармағында белгіленгеннен кем болатындай бөліктерге бөлшектеуге жол берілмейді.

37-бап. Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру мен өткізу

1. Сатып алуды ұйымдастырушы баға ұсыныстарын ұсынуды аяқтау күніне дейін бес жұмыс күнінен кешіктірмей тапсырыс берушінің ресми сайтында, ал тапсырыс берушіде мұндай сайт болмаған кезде - уәкілетті органның ресми сайтына сатып алуға бөлінген сомаларды көрсетпей тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді жоспарланған мемлекеттік сатып алу туралы ақпаратты, сондай-ақ ықтимал өнім берушілердің баға ұсыныстарын ұсынудың басталу және аяқталу мерзімі туралы ақпаратты орналастыруға міндетті.

2. Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды өткізу туралы ақпарат танысу үшін барлық мүдделі тұлғаларға тегін қол жетімді болуы тиіс.

3. Сатып алуды ұйымдастырушы баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды өткізу туралы ақпаратты орналастырумен бір мезгілде кем дегенде екі ықтимал өнім берушіден сатып алынатын тауарларға, жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге жазбаша баға ұсыныстарын сұратуға құқылы.

4. Кез келген ықтимал өнім беруші, оның ішінде баға ұсыныстарын табыс ету туралы сұрау жіберілмеген ықтимал өнім беруші өзгерістер енгізуге жол берілмейтін тек бір ғана баға ұсынысын беруге құқылы.

Баға ұсынысы сатып алуды ұйымдастырушыға жазбаша нысанда беріледі және сатып алуды ұйымдастырушының тиісті журналында тіркелуі тиіс.

5. Осы Заңның 45-бабының 2-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, сатып алуды ұйымдастырушы мен ықтимал өнім беруші арасында оның баға ұсынысына қатысты келіссөздер жүргізілуіне жол берілмейді.

6. Баға ұсынысын табыс ету мерзімі аяқталғаннан кейін табыс етілген баға ұсыныстары қаралайды.

7. Егер баға ұсыныстарын табыс ету мерзімінің ішінде баға ұсыныстары табыс етілмеген не бір ғана баға ұсынысы табыс етілген жағдайда, сатып алуды ұйымдастырушы баға ұсыныстарын табыс ету мерзімін бес жұмыс күніне ұзартады.

Баға ұсыныстарын табыс ету мерзімі аяқталған күннен кейінгі бір жұмыс күні ішінде сатып алуды ұйымдастырушы тапсырыс берушінің ресми сайтында баға ұсыныстарын табыс ету мерзімін ұзарту туралы ақпаратты орналастырады.

8. Сатып алуды ұйымдастырушы баға ұсыныстарын табыс ету мерзімі аяқталған күннен кейінгі күннің ішінде ықтимал өнім берушілердің белгіленген мерзімде табыс еткен баға ұсыныстарын салыстырады.

9. Сатып алынатын тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді беруші ең төмен баға ұсынымы негізінде айқындалады. Егер ең төмен баға ұсынысын бірнеше ықтимал өнім беруші табыс еткен жағдайда баға ұсынысы басқа ықтимал өнім берушілердің баға ұсыныстарынан ертерек түскен ықтимал өнім беруші жеңімпаз болып танылады.

10. Ықтимал өнім берушілердің осы тауарды сатып алу үшін бөлінген сомадан артық баға ұсыныстары қабылданбайды. Баға ұсыныстарын өзге негіздемелер бойынша қабылдамауға жол берілмейді.

Егер ықтимал өнім берушілердің белгіленген мерзімде табыс етілген барлық баға ұсыныстары тауарды, жұмысты, көрсетілетін қызметті сатып алу үшін бөлінген сомадан артық болса мұндай сатып алу өтпеді деп танылады және сатып алуды ұйымдастырушы баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді қайтадан мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырады.

11. Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді мемлекеттік сатып алу қорытындыларын сатып алуды ұйымдастырушының уәкілетті тұлғасы ықтимал өнім берушілер баға ұсыныстарын табыс етуді аяқтаған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде бекітеді. Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу қорытындылары туралы ақпарат сатып алуды ұйымдастырушы оларды бекіткен күннен бастап екі жұмыс күні ішінде тапсырыс берушінің ресми сайтында, ал тапсырыс берушіде мұндай сайт болмаған жағдайда - уәкілетті органның ресми сайтында орналастырылады.

Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу қорытындыларын жариялау туралы талап

тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жүзеге асыру туралы мәліметтер мемлекеттік құпияларды құрайтын жағдайларға қолданылмайды.

12. Тапсырыс беруші баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу қорытындыларын бекіткен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде ең аз баға ұсынысын ұсынған ықтимал өнім берушіге тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы ш а р т т ы ң ж о б а с ы н та б ы с е т е д і .

Ықтимал өнім беруші оған тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарттың жобасы табыс етілген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде оған қол қоюға не оған қол қоюдан дәлелді бас тартуын жазбаша н ы с а н д а ұ с ы н у ғ а м і н д е т т і .

Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шартқа қол қоюдан бас тартқан ықтимал өнім беруші теріс пиғылды ықтимал өнім беруші болып танылады және осы Заңда белгіленген тәртіппен теріс пиғылды ықтимал өнім берушілер (жеткізушілер) тізіліміне енгізілуі тиіс.

13. Егер ықтимал өнім беруші тапсырыс берушіге қол қойылған тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шартты белгіленген мерзімде табыс етпесе, тапсырыс беруші:

1) дәл сондай баға ұсынысын ұсынған ықтимал өнім берушімен, ал мұндай ықтимал өнім беруші болмаған кезде, тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шартқа қол қоюдан жалтарған ықтимал өнім беруші ұсынған бағадан кейінгі ең төмен баға ұсынысы болып табылатын ықтимал өнім б е р у ш і м е н ш а р т ж а с а с у ғ а ;

2) баға ұсынысын сұрату тәсілімен қайтадан тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыруға құқылы.

5-тарау. Бір көзден алу тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу

38-бап. Бір көзден алу тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырудың негіздемелері

Бір көзден алу тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік с а т ы п а л у , е г е р :

1) қандай да бір өнім берушіден тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алған тапсырыс берушіде біріздендіру, стандарттау немесе қолда бар тауарлармен, жабдықтармен, технологиямен, жұмыстармен немесе көрсетілетін қызметтермен үйлесімділігін қамтамасыз ету мақсатында нақ сол тапсырыс берушіден басқа да сатып алуды жүргізу қажеттігі туындайтын;

2) конкурс тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу өтпей қалды деп танылса. Бұл ретте осы ереже конкурс

тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жарамсыз деп танылған жағдайларға қолданылмайды;

3) күн сайын және (немесе) апта сайын тұтынылатын тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алудың қорытындылары шығарылғанға дейінгі кезеңге тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қажет болған және тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарт күшіне енген жағдайларда жүргізілуі мүмкін.

39-бап. Бір көзден алу тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру

1. Бір көзден тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде ықтимал өнім беруші сатып алуды ұйымдастырушыға ықтимал өнім берушінің осы Заңда белгіленген біліктілік талаптарына сәйкес келетінін растайтын құжаттарды, оның ұсынған тауарларының, жұмыстарының, көрсететін қызметтерінің сипаттамасын, сондай-ақ ұсынып отырған тауарларға, жұмыстарға, көрсететін қызметтеріне арналған бағаның негіздемесін табыс етеді.

Осы Заңның 38-бабының 2) тармақшасына сәйкес бір көзден алу тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырған кезде, конкурсты ұйымдастырушы бір көзден алу тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуға қатысу үшін шақырған, өтпей қалды деп танылған конкурстың қатысушысы оның біліктілік талаптарына сәйкес келетінін растайтын құжаттарды сатып алуды ұйымдастырушыға табыс етпеуге қ ұ қ ы л ы .

2. Сатып алуды ұйымдастырушы ықтимал өнім беруші табыс еткен құжаттардың біліктілік талаптарына, сондай-ақ мемлекеттік сатып алу мәніне қатысты өзге де талаптарға сәйкес келу тұрғысынан қарайды. Қажет болған жағдайда сатып алуды ұйымдастырушы ықтимал өнім берушінің сатып алынатын тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді беруді жүзеге асыру мүмкіндігін айқындау мақсатында қосымша ақпарат пен құжаттарды сұратуға құқылы.

40-бап. Бір көзден алу тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу қорытындылары туралы хаттама

Бір көзден алу тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде сатып алуды ұйымдастырушы тиісті хаттама жасауға міндетті, онда мынадай ақпарат қамтылуы тиіс:

1) бір көзден алу тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды қолданудың негіздемесі;

2) бір көзден сатып алу тәсілімен сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың,

көрсетілетін қызметтердің қысқаша сипаттамасы;

3) ықтимал өнім берушінің біліктілік талаптарына сәйкес келуі туралы;

4) тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалатын өнім берушінің атауы мен орналасқан жері және осындай ш а р т т ы ң б а ғ а с ы .

Тапсырыс беруші бір көзден алу тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу қорытындылары туралы хаттамаға қол қойылған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде осы хаттаманың көшірмесін уәкілетті органға береді.

6-тарау. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді электрондық мемлекеттік сатып алу жүйесі және ашық тауар биржалары арқылы тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу

41-бап. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді электрондық мемлекеттік сатып алу жүйесі арқылы тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру

1. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді электрондық мемлекеттік сатып алу жүйесі арқылы тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді мемлекеттік сатып алу Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тәртіппен және тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесі бойынша жүзеге асырылады.

2. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді электрондық мемлекеттік сатып алу жүйесі арқылы тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру үшін тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді электрондық мемлекеттік сатып алу жүйесінің депозитарийі әкімшілік ететін біріктірілген электрондық ақпараттық дерек қоры қалыптастырылады.

Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді электрондық мемлекеттік сатып алу жүйесінің депозитарийі уәкілетті органның ведомстволық бағыныстағы ұйымы болып табылады.

42-бап. Ашық тауар биржалары арқылы тауарларды мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру

1. Ашық тауар биржалары арқылы мемлекеттік сатып алу Қазақстан Республикасының тауар биржалары туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

2. Егер биржалық тауарлар тізбесіне енгізілген тауарларды мемлекеттік сатып алудың жылдық көлемі құндық мәнде тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген төрт мың еселенген айлық есептік көрсеткіш мөлшерінен аспаған жағдайда, тапсырыс беруші, егер өзге ең аз көлем Қазақстан

Республикасының тауар биржалары туралы заңнамасында айқындалмаса, тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырудың өзге тәсілін таңдауға құқылы.

7-тарау. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарт

43-бап. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шартты жасасу

1. Тапсырыс беруші тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу қорытындыларын шығарған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарттың жобасына қол қояды және ықтимал өнім берушіге жібереді.

Конкурс тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу қорытындыларын шығарған жағдайда, тапсырыс беруші конкурс жеңімпазына конкурс тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу қорытындылары туралы хаттаманың бір данасын және конкурстық құжаттамаға сәйкес жасалған тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарттың жобасын жібереді.

2. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шартты Қазақстан Республикасының резиденті емеспен жасасқан жағдайда тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шартты Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын ескере отырып, ол ұсынған нысанда ресімдеуге жол беріледі.

3. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарт осы Заңның 52-бабының 2-тармағында көзделген тапсырыс берушінің, сатып алуды ұйымдастырушының, комиссияның іс-әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану үшін белгіленген он жұмыс күнінен бұрын емес мерзімде және осы Заңның 37-бабының 12-тармағында көзделген тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасудың мерзімін қоспағанда, ықтимал өнім берушіге тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарттың жобасын берген күннен бастап отыз күнтізбелік күннен кешіктірілмейтін жасалуы тиіс.

4. Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін жағдайларда өнім беруші тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасқан күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын камтамасыз етуді енгізуге міндетті. Осы талаптар баға ұсынысын сұрату тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу нәтижелері бойынша айқындалған өнім берушілерге, сондай-ақ осы Заңның 11-бабының 5-тармағында белгіленген жағдайларда қолданылмайды.

5. Жұмыстардың орындалу мерзімі келесі (кейінгі) қаржы жылында аяқталатын мемлекеттік сатып алу туралы шарттар, сондай-ақ әзірленуінің технологиялық мерзімі ұзақ тауарларды, келесі (кейінгі) қаржы жылында жеткізуге себепші болатын тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бір қаржы жылынан асатын мерзімге жасалуы мүмкін. Мұндай шарттарды жасасудың тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

6. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шартта конкурс тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуға аффилиирленген тұлғалардың қатысу фактілері анықталған, осы Заңның 10-бабында көзделген шектеулерді бұзған, сондай-ақ сатып алуды ұйымдастырушының ықтимал өнім берушіге осы Заңда көзделмеген көмек көрсеткен жағдайда, тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шартты кез келген кезеңде бұзғаны туралы мәліметтер болуы тиіс.

44-бап. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасудан жалтару

1. Егер ықтимал өнім беруші осы Заңда белгіленген мерзімде тапсырыс берушіге қол қойылған тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шартты бермеген немесе тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шартты жасасып осы Заңның 43-бабының 4-тармағында анықталған жағдайларда тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізбеген жағдайда мұндай ықтимал өнім беруші тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шартты жасасудан жалтарған б о л ы п т а н ы л а д ы .

2. Ықтимал өнім беруші тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шартты жасасудан жалтарды деп танылған жағдайда т а п с ы р ы с б е р у ш і :

1) конкурсқа қатысуға олар енгізген өтінімді қамтамасыз етуді ұстайды және уәкілетті органға тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасудан жалтарған ықтимал өнім берушіні теріс пиғылды ықтимал өнім берушілердің (жеткізушілердің) тізіліміне енгізу үшін тиісті мәліметтер б е р е д і ;

2) сотқа мұндай ықтимал өнім берушіні тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы, сондай-ақ тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасудан жалтарудан келтірілген шығындарды өтеу туралы талаппен өтініш білдіруге құқылы;

3) конкурстық баға ұсынысы (конкурстық баға ұсынысының шартты бағасы) конкурс жеңімпазының конкурстық баға ұсынысынан (конкурстық баға ұсынысының шартты бағасынан) кейін неғұрлым аз конкурсқа қатысушымен тауарларды,

жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасуға құқылы. Бұл ретте тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасу конкурсына мұндай қатысушы үшін міндетті болып табылады. Конкурстық баға ұсынысы (конкурстық баға ұсынысының шартты бағасы) конкурс жеңімпазының конкурстық баға ұсынысынан (конкурстық баға ұсынысының шартты бағасынан) кейін неғұрлым аз конкурсқа қатысушы шарт жасасудан жалтарған жағдайда тапсырыс беруші олар енгізген конкурсқа немесе аукционға қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді ұстайды және уәкілетті органға тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасудан жалтарған ықтимал өнім берушіні теріс пиғылды ықтимал өнім берушілер (жеткізушілер) тізіліміне енгізу үшін тиісті мәліметтер береді.

45-бап. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы жасалған шартқа өзгерістер енгізу

1. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарттың жобасына немесе қол қойылған тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шартқа осы баптың 2-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, өнім берушіні таңдауға негіз болып табылатын ұсыныстардың мазмұнын өзгертуі мүмкін қандай да бір өзгерістер және (немесе) жаңа талаптар (шарт сомасын азайтуды қоспағанда) енгізуге жол берілмейді.

2. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарттың жобасына немесе қол қойылған тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шартқа өзгеріс енгізу өнім берушіні таңдауға негіз болып табылған сапа мен басқа талаптардың өзгермейтін шартымен шарт сомасын азайту бөлігінде рұқсат етіледі. Тапсырыс беруші тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шартқа қол қойылғанға дейін шарт сомасын азайту мақсатында ықтимал өнім берушімен келіссөздер жүргізуге құқылы. Бұл ретте ықтимал өнім беруші мұндай азайтуға келіспеуге құқылы, бұл тапсырыс берушіге конкурс жеңімпазы деп танылған ықтимал өнім берушімен шартқа қол қоюдан жалтаруға құқық бермейді. Егер тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалу процесінде осыған ұқсас сатып алынатын тауарларға, жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге бағаларды азайту жағына өзгерсе, онда тапсырыс беруші мен өнім берушінің өзара келісімі бойынша тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шартқа сапа мен өнім берушіні таңдауға негіз болып табылған өзге шарттарға қатысты осы тармақшада көзделген ережелерді ескере отырып тиісті өзгерістер енгізілуі мүмкін.

Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы ж а с а л ғ а н ш а р т қ а :

1) осындай өзгерістің сомасына мемлекеттік сараптамадан өткен жобалау-сметалық

құжаттамаға енгізілген тиісті өзгерістердің, сондай-ақ бюджет және Қазақстан Республикасының өзге заңнамасында белгіленген тәртіппен қабылданған осындай өзгерістің сомасына ақша бөлу туралы шешімнің негізінде жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы шарт сомасын ұлғайту бөлігінде;

2) осы тауарларды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы жасалған шартта көрсетілген тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің бір бірлігі үшін бағаның өзгермеуі шартымен сатып алынған тауарлардың, көрсетілген қызметтердің көлемінде қажеттіліктің азаюына немесе артуына байланысты шарттың сомасын азайту немесе арттыру бөлігінде. Жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шартты мұндай өзгерту осы тауарларды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу үшін тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарында көзделген соманың шегінде жол беріледі;

3) егер өнім беруші онымен жасалған тауарды мемлекеттік сатып алу туралы шартты орындау процесінде тауардың бірлігіне берілетін бағаның өзгермеуі шартымен, онымен жасалған тауарды мемлекеттік сатып алу туралы шарттың мәні болып табылатын тауарды берудің неғұрлым үздік сапалы және (немесе) техникалық сипаттамаларын немесе мерзімін және (немесе) шарттарын ұсынған жағдайда өзгерістер енгізуге жол беріледі.

46-бап. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарттың күшіне енуі

Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарт оған тапсырыс беруші мен өнім беруші қол қойғаннан не осы Заңның 43-бабының 4-тармағында айқындалған жағдайларда соңғысы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді толық енгізгеннен кейін күшіне енеді. Егер тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарт тіркеуге жатса, онда ол Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тіркелгеннен кейін күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тіркеуге жататын тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шартты тапсырыс беруші оны жасасқаннан кейін бес жұмыс күнінен кешіктірмей, ал осы Заңның 43-бабының 4-тармағында айқындалған жағдайларда өнім беруші шарттың орындалуын толық енгізгеннен кейін бес жұмыс күнінен кешіктірмей тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарттарды тіркеу жөніндегі уәкілетті органға тапсырады.

8-тарау. Арнаулы ережелер

47-бап. Жұмыстарды мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырудың ерекше шарттары

Жұмыстарды мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру мен өткізудің өзге рәсімдері мен мерзімдерін белгілеуді талап ететін ерекшеліктерді қоспағанда, жұмыстарды мемлекеттік сатып алу осы Заңға сәйкес жүзеге асырылады.

Жұмыстарды мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырудың ерекше шарттарын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

48-бап. Қорғаныс, құқықтық тәртіп және ұлттық қауіпсіздік қажеттерін қамтамасыз етуге арналған тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алудың ерекше шарттары

Құпиялылық режимін сақтауды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі мен қорғаныс қабілетінің кепілдігін қамтамасыз ететін тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды өткізудің ерекше шарттарын белгілеу талап етілетін жағдайларды қоспағанда, қорғаныс, құқықтық тәртіп және ұлттық қауіпсіздік қажеттілігін қамтамасыз ету үшін тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу осы Заңға сәйкес жүзеге асырылады. Осындай мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырудың тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

49-бап. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуға заңды тұлғалардың уақытша бірлестігі (консорциум) қатысуының ерекше шарттары

Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуға заңды тұлғалардың уақытша бірлестігі (консорциумы) қатысуының ерекше шарттарын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

50-бап. Тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің жекелеген түрлерін мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырудың ерекше шарттары

Тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің жекелеген түрлерін мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырудың ерекше шарттарын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

51-бап. Отандық ықтимал өнім берушілердің жекелеген санаттарын қолдау

1. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде шағын кәсіпкерлік субъектілері, тауарлар өндіретін, жұмыстар орындап, қызметтер көрсететін, Қазақстан Республикасы мүгедектерінің қоғамдық бірлестіктері құратын ұйымдар, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдары айқындаған отандық ықтимал өнім берушілердің өзге де санаттары мемлекеттік қ о л д а у ғ а ж а т а д ы .

2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген отандық ықтимал өнім берушілердің санаттарын мемлекеттік қолдау шараларын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

9-тарау. Қорытынды ережелер

52-бап. Тапсырыс берушінің, сатып алуды ұйымдастырушының, конкурстық комиссияның іс-әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану

1. Ықтимал өнім беруші егер мұндай іс-әрекеттер (әрекетсіздіктер) ықтимал өнім берушінің құқықтары мен заңды мүдделерін бұзса, тапсырыс берушінің, сатып алуды ұйымдастырушының, комиссияның іс-әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдануға құқылы.

2. Мемлекеттік қаржылық бақылау органдарында тапсырыс берушінің, сатып алуды ұйымдастырушының, комиссияның іс-әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды жүргізудің кез келген сатысында, бірақ:

1) мемлекеттік сатып алу бюллетенінде конкурс тәсілімен жүргізілген тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу қорытындылары туралы хабарландыру жарияланған күннен бастап;

2) бір көзден алу тәсілімен жүргізілген тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу қорытындылары туралы хаттамаға қол қойылған күннен бастап;

3) баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып қорытындыларын бекіткен күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірілмей жол беріледі.

Көрсетілген мерзім өткеннен кейін тапсырыс берушінің, сатып алуды ұйымдастырушының, комиссияның іс-әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану сот тәртібімен ғана жүзеге асырылады.

53-бап. Дауларды шешу

Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу процесінде туындайтын барлық даулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешіледі.

54-бап. Осы Заңды бұзғаны үшін жауапкершілік

Осы Заңның бұзылуына кінәлі тұлғалар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.

55-бап. Осы Заңды қолданысқа енгізу тәртібі

1. Осы Заң 2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

2 "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңының (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., N 9, 96-құжат; 2004 ж., N 14, 83-құжат; N 17, 101-құжат; 2005 ж., N 6, 7-құжат; N 23, 105-құжат; 2006 ж., N 10, 52-құжат; N 12, 71-құжат) күші жойылды деп танылсын.

Қазақстан Республикасының

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК